

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасын жетілдіру және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"  
" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 мамырдағы N 393 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасын жетілдіру және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**Қазақстан Республикасының Заңы**

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасын жетілдіру және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"**

**1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:**

1. 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 18, 644-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 15-16, 239-құжат; N 21-22, 281-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 10, 49-құжат; N 14, 109-құжат; N 15, 138-құжат; 2004 ж., N 5, 25-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 140-құжат; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 5, 5-құжат; N 13, 53-құжат; N 24, 123-құжат; 2006 ж., N 2, 19-құжат):

108-баптың жетінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Сот сараптамасы органы сараптама жүргізгені үшін төленуге тиесілі сомаларды тиісті өтініш жасаған не мұндай міндеттемені оған сот жүктеген тарап алдын ала төлеу нысанында тиісті бюджетке енгізеді."

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N

17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 23, 171-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; N 15, 86-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139, 140-құжаттар, N 24, 153-құжат, 2005 ж., N 5, 5-құжат; N 7-8, 19-құжат; N 9, 26-құжат; N 13, 53-құжат; N 14, 58-құжат; N 17-18, 72-құжат; N 21-22, 86, 87-құжаттар; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 2, 20-құжат; N 3, 22-құжат; N 5-6 ,  
3 1 - қ ұ ж а т ) :

1) 166-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"166-бап. Байланысты гранттар қаражатының түсімдерін қоспағанда, бюджетке төленетін салықтық емес төлемдерді толық мөлшерде және дер кезінде төлемеу

Байланысты гранттар қаражатының түсімдерін қоспағанда, бюджетке төленетін салықтық емес төлемдерді толық мөлшерде және дер кезінде төлемеу, - азаматтарға - айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге - екі жүзге дейінгі мөлшерінде, шағын және орта кәсіпкерліктің субъектілері немесе коммерциялық емес ұйым болып табылатын заңды тұлғаларға - төрт жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерліктің субъектісі болып табылатын заңды тұлғаларға - бір мыңға дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады."

2) 177-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"177-бап. Республикалық және жергілікті бюджеттер қаражатын, мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекет активтерін уақтылы, толық есепке алмау және мақсатсыз пайдалану

1. Бюджетке түсетін қаражатты уақтылы, толық есепке алмау - лауазымды тұлғаларға елуден төрт жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Тиісті банктерде немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда бюджет қаражатын алушылардың шотына аударылатын қаражатты уақтылы және толық есепке алмау - жиырма бестен жетпіс айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады .

3. Республикалық және жергілікті бюджеттер қаражатын, мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекет активтерін мақсатсыз пайдалану және (немесе) республикалық және жергілікті бюджеттер қаражатын міндеттемелер бойынша қаржыландырудың бекітілген жеке жоспарынан тыс жұмсау туралы міндеттеме қабылдау - лауазымды тұлғаларға елуден екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады . " ;

3) мынадай мазмұндағы 177-1, 177-2, 177-3 және 177-4-баптармен толықтырылсын:

"177-1-бап. Республикалық және жергілікті бюджеттер қаражатын, байланысты гранттарды, мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекет активтерін негізсіз (заңсыз) пайдалану

Республикалық және жергілікті бюджеттер қаражатын, оның ішінде нысаналы трансферттер мен кредиттерді, сондай-ақ байланысты гранттарды, мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекет активтерін негізсіз (заңсыз) пайдалану - заңды тұлғаларға елуден үш жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

177-2-бап. Республикалық және жергілікті бюджеттер қаражатын, байланысты гранттарды, мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекет активтерін тиімсіз пайдалану

Республикалық және жергілікті бюджеттер қаражатын, оның ішінде нысаналы трансферттер мен кредиттерді, сондай-ақ байланысты гранттарды, мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекет активтерін тиімсіз пайдалану - лауазымды тұлғаларға елуден бір жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

177-3-бап. Бюджеттік есепке алу мен есептілікті бұзу

Бюджеттік есепке алу мен есептілікті бұзу - лауазымды тұлғаларға елуден екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

177-4-бап. Бюджеттік кредиттерді, мемлекеттік кепілдіктер мен мемлекет кепілдемелерін беру шарттары мен рәсімдерін бұзу

Бюджеттік кредиттерді, мемлекеттік кепілдіктер мен мемлекет кепілдемелерін беру шарттары мен рәсімдерін бұзу - лауазымды тұлғаларға елуден төрт жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады."

4) 571-баптың 1-тармағы "177" деген сандардан кейін "177-1, 177-2, 177-3 және 177-4" деген сандармен толықтырылсын;

5) 636-баптың бірінші бөлігінің 1) тармақшасының жиырма үшінші, қырық төртінші абзацтар "177" деген сандардан кейін "177-1, 177-2, 177-3 және 177-4" деген сандармен толықтырылсын;

3. 2004 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 8-9, 53-құжат; N 20, 116-құжат, N 23, 140, 142-құжаттар; 2005 ж. N 14, 55-құжат; N 21-22, 87-құжат; 2006 ж., N 1

, 5 - құжат; N 2, 20 - құжат):  
1) 2 - бапта:

мынадай мазмұндағы 1-1, 5-тармақтармен толықтырылсын:

"1-1. Осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік мекемелерге қатысты осы Кодекстің ережелері Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі бюджетінен (шығыстар сметасынан) қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге қолданылмайды.

5. Бюджет және салық заңнамалық актілері жобаларының ережелері бюджеттің түсімдеріне, шығыстары мен құрылымдарына әсер еткен жағдайда осы жобалармен қатар тиісті бюджеттер немесе қолданыстағы заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы және тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттерді бекіту туралы мәслихат шешімінің жобалары әзірленеді.";

2 ) 4 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы 12-1) тармақшамен толықтырылсын:

"12-1) кепілдік берілген трансферт - Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан республикалық бюджетке түсетін қайтарымсыз түсімдер;"

14) тармақша "дамудың" деген сөзден кейін "стратегиялық және" деген сөздермен толықтырылсын ;

16) және 17) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай редакцияда жазылсын:

мынадай мазмұндағы 17-1) және 17-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"17-1) көрсеткіштер - алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін бағдарламаны іске асыру нәтижелерін көрсететін сандық көрсеткіштер;

17-2) шоғырландырылған бюджет - республикалық бюджеттен, облыстық бюджеттен, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттерінен, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына жіберілетін және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының шоттарына аударылатын талдамалық ақпарат ретінде қолданылатын және бекітілуге жатпайтын бюджетке түсетін түсімдерден тұратын бюджет;"

23) тармақша "(секторларының)" деген сөзден кейін "стратегиялық және" деген сөздермен толықтырылсын ;

25) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"25) бюджет қаражатын алушылар - азаматтық-құқықтық мәмілелер негізінде қызметтер көрсететін заңды және жеке тұлғалар және бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттен игіліктер алатын шаруа (фермерлік) қожалықтары;"

26) тармақшадағы "дамыту" деген сөз "дамытудың стратегиялық" деген сөздермен ауыстырылсын ;

2 7 ) т а р м а қ ш а д а :

"нақтыланған" деген сөзден кейін "республикалық немесе жергілікті" деген сөздермен толықтырылсын ;

"ескере отырып" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ қаржы жылы ішінде бөлінетін бюджеттік бағдарламаларды бөлуді ескере отырып" деген сөздермен толықтырылсын;

29) тармақша алып тасталсын;

32) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"32) қаржыландыру - бюджет қаражатын оны алушыларға, оның ішінде мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде үкіметтік емес ұйымдарға бөлу;

36) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"36) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган - бюджеттерді атқару, республикалық бюджетті және өз құзыреті шегінде жергілікті бюджеттерді және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорын атқару жөніндегі бюджеттік есепке алу мен есептілікті жүргізу саласындағы стратегиялық, әдіснамалық және үйлестіру функцияларын жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;"

3) 11 - бапта :

2-тармақтағы "шикізат" деген сөз "мұнай" деген сөзбен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры жинақтау және тұрақтандыру функцияларын жүзеге асырады. Жинақтау функциясы қаржылық активтердің және материалдық емес активтерді қоспағанда, өзге де мүліктердің қорлануын және тәуекелдің біркелкі деңгейінде ұзақ мерзімді перспективада Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры активтерінің кірістілігін қамтамасыз етеді. Тұрақтандыру функциясы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтері өтімділігінің жеткілікті деңгейін ұстауға арналған .

Тұрақтандыру функциясын жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының пайдаланылатын бір бөлігі кепілдік берілген трансфертті қамтамасыз ету үшін қажетті мөлшерде айқындалады. "

4) 12 - бапта :

тақырыбындағы және мәтіндегі "Бюджеттің", "бюджеттің" деген сөздер " Республикалық және жергілікті бюджеттердің", "республикалық және жергілікті бюджеттердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақ "сатудан," деген сөзден кейін "алынған трансферттерден" деген сөздермен толықтырылсын ;

5) 13-баптың 1-тармағында :

бірінші абзацтағы "Бюджеттің" деген сөз "Республикалық және жергілікті бюджеттердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақшаның бесінші абзацындағы "ресми" деген сөз алып тасталсын;

б) мынадай мазмұндағы 13-1-баппен толықтырылсын:

"13-1-бап. Шоғырландырылған бюджеттің құрылымы

Шоғырландырылған бюджеттің құрылымы мынадай бөлімдерден тұрады:

1) республикалық бюджет ;

2) облыс бюджеті, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджет;  
3) осы Кодекстің 49-1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық қорына жіберілетін, бюджетке түсетін түсімдер және оларды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының шотына аудару.";

7) 14-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"14-бап. Республикалық және жергілікті бюджеттердің кірістері

1. Салықтық түсімдер - Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген салықтар және республикалық, жергілікті бюджеттерге төленетін басқа да міндетті төлемдер және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорына жіберілетін бюджетке түсетін түсімдер .

2. Салықтық емес түсімдер - Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген, негізгі капиталды, байланысты гранттарды сатудан түсетін түсімдерге жатпайтындардан басқа, осы Кодексте және Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерінде белгіленген республикалық, жергілікті бюджеттерге төленетін міндетті, қайтарылмайтын төлемдер және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорына жіберілетін, бюджетке түсетін түсімдер, сондай-ақ, ресми трансферттерден басқа, бюджетке өтеусіз негізде берілетін .

3. Мынадай ақшалар негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер болып табылады:

1) мемлекеттік мекемелерге бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін ақша ;

2) мемлекеттік материалдық резервтен тауарларды сатудан түсетін ақша;

3) мемлекет меншігіндегі жер учаскелерін жеке меншікке сатудан немесе оларды тұрақты немесе уақытша жер пайдалануға беруден не Қазақстан Республикасының заңдарында немесе халықаралық шарттарда көзделген жағдайларда жер учаскелерін өзге құқықтық нысандарда өткізуден түсетін ақша;

4) мемлекетке тиесілі материалдық емес активтерді сатудан түсетін ақша.

4. Трансферттер түсімдері - Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан басқа, бюджеттің бір деңгейінен екіншісіне түсетін түсімдер.

5. Кірістердің жаңа түрлерін енгізу, қолданылып жүргендерінің күшін жою немесе оларды өзгерту осы Кодекске міндетті түрде өзгерістер немесе толықтырулар енгізіле отырып жүзеге асырылады .

6. Нысаналы трансферттерді және мемлекеттік мекемелердің білім беру, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы негізгі қызметке жатпайтын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдерді қоспағанда, кірістердің нысаналы мақсаты болмайды.";

8) 15-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"15-бап. Мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін ақша

Егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде мемлекеттік мекемелердің өздерінің негізгі қызметіне жатпайтын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу құқығы көзделген болса, оларды өткізуден түсетін ақша тиісті бюджетке есепке алынуға тиіс.

9 ) 1 6 - б а п т а :

тақырыбындағы және 1, 2-тармақтарындағы "Бюджет", "бюджет шығындары", деген сөздер "Республикалық және жергілікті бюджеттердің", "республикалық және жергілікті бюджеттердің шығындары" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақшадағы "мемлекеттік" деген сөз "білім беру, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамалық актілерге сәйкес жүзеге асырылатын білім беру орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы негізгі емес қызметті қоспағанда, мемлекеттік" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) білім беру, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамалық актілерге сәйкес мемлекеттік мекемелердің негізгі емес қызметін қамтамасыз ететін шығындар;"

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) мемлекеттік тапсырысқа арналған шығындар - жеке, заңды тұлғалар және шаруа (фермер) қожалықтары көрсететін қызметтерге мемлекеттік мекемелердің ақы төлеуі;"

5), 6) тармақшалар алып тасталсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Бюджеттік субсидиялар мемлекеттік функцияларды орындаудың басқа барынша тиімді тәсілі болмағанда және республиканы немесе осы аумақтағы өңірді дамытудың әлеуметтік-экономикалық міндеттерін іске асыру кезінде және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда жеке, заңды тұлғаларға және шаруа (фермер) қожалықтарына берілуі мүмкін.

Басым мемлекеттік функциялар және республиканы немесе осы аумақтағы өңірді дамытудың субсидиялануы тиіс әлеуметтік-экономикалық міндеттерін іске асыру жөніндегі бағыттар орта мерзімді фискалдық саясатта айқындалады.";

4-тармақтағы "Ресми трансферттердің" деген сөздер "Трансферттердің" деген сөздермен ауыстырылсын, "ресми" деген сөз алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Білім беру, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамалық актілерге сәйкес мемлекеттік мекемелердің негізгі емес қызметін қамтамасыз ететін шығындары өздерінің негізгі емес қызметінен республикалық және жергілікті бюджеттерге түсетін түсімдерінің сомалары шегінде ғана қаржыландырылады.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерві:

1 ) т ө т е н ш е р е з е р в т і ;

2) шұғыл шығындарға арналған резервті;

3) соттардың шешімдері бойынша міндеттемелерді орындауға арналған резервті;

4) облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің ағымдағы жылғы қолма-қол ақшаның тапшылығы болжамы жағдайында оны жабуға арналған резервті қамтиды."

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Облыстық деңгейдегі атқарушы органдардың резерві:

1 ) т ө т е н ш е р е з е р в т і ;

2) шұғыл шығындарға арналған резервті;

3) соттардың шешімдері бойынша міндеттемелерді орындауға арналған резервті;

4) аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттері бойынша ағымдағы жылы қолма-қол ақшаның тапшылығын болжамы жағдайында оны жабуға арналған резервті қамтиды."

4-тармақтағы ", соттардың шешімдері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің , орталық мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелерін орындау" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Соттардың шешімдері бойынша міндеттемелерді орындауға арналған резерв соттардың шешімдері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің, орталық мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволарының және аумақтық бөлімшелерінің, жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелерін орындауға пайдаланылады";

5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Облыстық бюджетке, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетіне олардың бюджеттерінде ағымдағы қаржы жылы қолма-қол ақша тапшылығының болжамы жағдайында кредит беру үшін тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте резерв көзделеді.

6. Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне ағымдағы олардың бюджеттерінде қаржы жылы қолма қол ақша тапшылығының болжамы жағдайында кредит беру үшін тиісті қаржы жылына арналған облыстық бюджетте резерв көзделеді";

7-тармақтағы "кассалық алшақтықты жабуға" деген сөздер "ағымдағы жылы қолма-қол ақша тапшылығы жағдайында" деген сөздермен ауыстырылсын;



қаражатының бос қалдықтары осы Кодекстің 91-бабы 6-тармағының 1) тармақшасында айқындалған мақсаттарға бюджет қаражатының бос қалдықтары пайдаланылған" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақтағы "орта мерзімді фискалдық саясатпен" деген сөздер "әлеуметтік-экономикалық дамудың орта мерзімді жоспарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 21, 23-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"21-бап. Бюджет тапшылығы (профициті)

1. Бекітілген, нақтыланған және түзетілген республикалық және жергілікті бюджеттердің тапшылығы (профициті) олардың борышының негізгі сомасын өтеу сомасын шегеріп тастағандағы қарыз алу сомасына тең.

Оң белгімен алынған шама бекітілген, нақтыланған, және түзетілген республикалық және жергілікті бюджеттердің тапшылығы, теріс белгі - бюджеттің профициті болып табылады.

2. Бекітілген, нақтыланған және түзетілген республикалық бюджеттің мұнай емес тапшылығы (профициті) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдерінен басқа, республикалық бюджет шығыстарын шегеріп тастағандағы республикалық бюджет түсімдерінің сомасына тең.";

3. Республикалық бюджеттің тапшылығы соңғы бес жыл ішіндегі кепілдік берілген трансфертті ескермей, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына түсетін жалпы түсімдер ретінде есептелетін Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының орташа жылдық өсімінен аспауға тиіс.

23-бап. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру көздері

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастырудың көздері:

1) осы Кодекстің 49-1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық қорына жіберілетін, бюджетке түсетін түсімдер;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорын басқарудан түсетін инвестициялық кірістер;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де түсімдермен кірістер.

2. Мұнай секторы кәсіпорындарына шикі мұнайды және газ конденсатын өндірумен және (немесе) өткізумен айналысатын заңды тұлғалар жатады.

Мұнай секторы кәсіпорындарының тізбесі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Заңын іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітіледі.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқарудан түсетін инвестициялық кірістер Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын материалдық емес активтерді қоспағанда, шетелдік қаржы құралдарына орналастырудан құрылады.";

13) 24 - бапта :

1 - тармақта :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан кепілдік берілген трансферт түрінде республикалық бюджетке тиісті қаржы жылына арналған бюджеттік даму бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыруға;"

2 - тармақта :

"қаржылық активтерге және" деген сөздер алып тасталсын;  
"өзге де мүліктерге" деген сөздер "шетелдік қаржы құралдарына" деген сөздермен ауыстырылсын ;

5 - тармақ алып тасталсын ;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының кепілдік берілген трансфертінің мөлшері республикалық бюджетті әзірлейтін жыл алдындағы қаржы жылының соңындағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры активтерінің үштен бір бөлігінен аспауға тиіс.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының үш жылдық кезеңге арналған кепілдік берілген трансфертінің мөлшері Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен айқындалады және Қазақстан Республикасының заңнамалық актісімен бекітіледі. " ;

мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

"8. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорына түсетін немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан алынатын активтер Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілейтін тәртіппен айырбастауға немесе қайта айырбастауға жатады.";

14) 26-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Бірыңғай бюджеттік сыныптама шоғырландырылған бюджеттің барлық деңгейлері үшін бірыңғай және міндетті әрі республиканың және республикалық және жергілікті бюджеттердің стратегиялық, орта мерзімді, жылдық бағдарламалары мен даму жоспарлары теңгерімділігіне қол жеткізу мақсатында олардың көрсеткіштер жүйесін үйлестіру құралдарының бірі болып табылады.";

15) 29 - бапта :

1-тармақтағы "республикада мемлекеттік саясатты" деген сөздер "республиканың стратегиялық және орта мерзімді бағдарламалары даму жоспарларын" деген сөздермен ауыстырылсын ;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. функционалдық топ - елдің стратегиялық даму басымдықтарына сай келетін және әрқайсысының нақты мақсатын көрсететін елдің негізгі даму бағыттарын көрсетеді .

Функционалдық ішкі топ елді дамытудың әрбір стратегиялық басымдығы жөніндегі

міндеттер топтарын функционалдык топ ішінде нақтылайды.";

16) 30 - бапта :

2 - тармақта :

"әкімшісі" деген сөзден кейін "егер ол бір мезгілде бюджеттік бағдарламаның әкімшісі әрі мемлекеттік мекеме болып табылған және тиісті мемлекеттік мекемелердің бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыруы жөніндегі және олардың бюджет қаражатын пайдалануы жөніндегі жұмысын үйлестірген жағдайда" деген сөздермен толықтырылсын ;

"пайдаланылуына" деген сөз "іске асырылуына" деген сөзбен ауыстырылсын;

3-тармақ "Мемлекеттік" деген сөзден кейін "облыстық бюджеттік бағдарламалардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттік бағдарламаларының әкімшілері болып табылатын облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың ішкі істер органдарын қоспағанда, мемлекеттік" деген сөздермен толықтырылсын ;

17) 31-бап "мемлекеттік органдар" деген сөздерден кейін "өздерінің Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген функцияларына сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын ;

18) 32-баптың 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Облыс, республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімдері мен мәслихаттарының аппараттары, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдіктері уәкілеттік берген атқарушы органдар және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың ішкі істер органдары өздерінің Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген функцияларына сәйкес облыстық бюджеттік бағдарламалардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттік бағдарламаларының әкімшілері болып табылады.

3. Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі мен мәслихатының аппараттары, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімдігі уәкілеттік берген атқарушы органдар өздерінің Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген функцияларына сәйкес аудандық (қалалық) бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері болып табылады." ;

19) 33 - бапта :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бюджеттік бағдарлама - мемлекеттік басқару функцияларын, республиканы немесе өңірді дамытудың стратегиялық, орта мерзімді бағдарламалары мен даму жоспарларын іске асыру үшін қабылданған бюджет қаражатымен қамтамасыз етілетін іс - шаралар кешені." ;

2-тармақтағы "бюджет шығыстарының" деген сөздер "мемлекеттік қызметтердің" деген сөздермен ауыстырылсын ;

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бюджеттік бағдарламаның іске асырылу нәтижелерін көрсететін мақсаты, міндеттері және көрсеткіштері болуға тиіс."; мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Көрсеткіштер мақсатқа нақты сай келуге және оңай есептелуге тиіс."; 4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Бюджеттік бағдарламаның атауы мемлекеттік функциялардың мақсаттарын, Қазақстан Республикасының заңнамасымен қабылданған стратегиялық және орта мерзімді бағдарламалар мен даму жоспарларының міндеттерін айқын көрсетуге тиіс.

Бюджеттік бағдарламаның мазмұны мемлекеттік функцияларға, Қазақстан Республикасының заңнамасымен қабылданған, тиісті мемлекеттік қызметтерді көрсететін республиканың стратегиялық және орта мерзімді бағдарламалары мен даму жоспарлары міндеттерінің іс-шараларына сәйкес болуға тиіс.";

20) 34 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бюджеттік бағдарламалардың мақсаты бойынша олардың іске асырылу нәтижелеріне байланысты ағымдағы бюджеттік бағдарламаларға және бюджеттік даму бағдарламаларына бөлінеді.

Ағымдағы бюджеттік бағдарламалар - нәтижелері мемлекеттік басқару функцияларын және мемлекеттің міндеттемелерін орындау бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қызметін қамтамасыз етуге және республиканың немесе өңірдің стратегиялық және орта мерзімді бағдарламалары мен даму жоспарларының мақсатына қол жеткізуге және міндеттері мен іс-шараларын шешуге бағытталған бюджеттік бағдарламалар .

Бюджеттік даму бағдарламалары - нәтижелері экономикалық пайда алуға немесе әлеуметтік-экономикалық тиімділікке қол жеткізуге жіберілген республиканың немесе өңірдің стратегиялық және орта мерзімді бағдарламаларының және даму жоспарларының мақсатына қол жеткізу және міндеттері мен іс-шараларын шешуге тікелей ықпал ететін бюджеттік бағдарламалар.";

3-тармақтың 2) тармақшасындағы "Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен немесе жергілікті атқарушы органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленеді" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады" деген сөздермен ауыстырылсын;

21) 35-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"35-бап. Бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау

1. Бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау оларды әзірлеу, іске асыру, іске асырылуын бақылауды жүзеге асыру, республикалық және жергілікті бюджетті жоспарлау сатыларында жүзеге асырылады.

2. Бюджеттік бағдарламаның тиімділігін бюджеттік бағдарламаны әзірлеу

сатысында бағалауды бюджеттік бағдарламаның әкімшісі бюджеттік бағдарламаны қалыптастыру және жоспарлау сапасын айқындау арқылы жүзеге асырады.

Бюджеттік бағдарламаны қалыптастыру сапасын айқындау мыналардың талдауын қ а м т и д ы :

1) қойылған мақсаттар, міндеттер мен іс-шаралардың қазіргі проблемаларға сәйкес к е л у і ;

2) бюджеттік бағдарламаның мақсаттарын, міндеттерін және іс-шараларын айқын ә р і н а қ т ы ж а з ы л у ы ;

3) қазіргі проблемаларды ықтимал баламалы шешу жолдарының болуы және олар ұсынатын шешу жолдарын дұрыс таңдауын және шешу жолдары тиімділігінің ө л ш е м д е р і н а й қ ы н д а у ы ;

4) күтілетін нәтижелердің бюджеттік бағдарламаның қойылған мақсаттарына, мемлекеттік қызметтерді тұтынушылардың мүдделері мен қажеттіліктеріне келуі;

5) көрсеткіштердің стратегиялық мақсаттарға, бюджеттік бағдарламаның мақсаттары мен міндеттеріне және мемлекеттік қызметтерді тұтынушылардың қажеттіліктеріне сәйкес келу тұрғыдан оларды дұрыс таңдауы.

Бюджеттік бағдарламаны жоспарлау сапасын айқындау мыналардың талдауын қ а м т и д ы :

1) бюджеттік бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу және міндеттерін орындау үшін мемлекеттік мекемелердің ресурстарға қажеттілігі;

2) заттай нормаларды ескере отырып айқындалатын бюджеттік бағдарламаның экономикалық құрылымы бойынша нормативтік, сандық және құндық көрсеткіштерге сәйкес мемлекеттік мекемелердің қажеттілік құнын жоспарлау.

3. Тиімділікті бюджеттік бағдарламаларды іске асыру сатысында бағалау бюджеттік бағдарламаны іске асыруды басқару сапасын және оны іске асыру нәтижелілігін айқындау арқылы жүзеге асырылады:

Бюджеттік бағдарламаны іске асыруды басқарудың сапасын айқындау мыналардың т а л д а у ы н қ а м т и д ы :

1) бюджеттік бағдарламаның әкімшісінде бюджеттік бағдарламаны іске асырудың тиімділігін бағалау нәтижелерінің болуы;

2) бюджеттік бағдарламаның тиімділігін бағалауды жүргізудің уақтылығы;

3) бюджеттік бағдарламаның іс-шараларын оның паспортына сәйкес іске асырудың у а қ т ы л ы ғ ы ;

4) бюджеттік бағдарлама әкімшісінің бюджеттік бағдарламаны одан әрі іске асыру жөніндегі шешім қабылдауының және оны іске асырудан бас тартуының уақтылығы;

5) бюджеттік бағдарламаның тиімділігін арттыру және мақсаттарға, міндеттерге және күтілетін нәтижелеріне, көрсеткіштерге қол жеткізу жөніндегі уақтылы і с - қ и м ы л д а р ы ;

6) бюджеттік бағдарламаны іске асыруға қатысатын адамдардың есептілігі.

Бюджеттік бағдарламаны іске асыру нәтижелілігін айқындау мыналардың талдауын қ а м т и д ы :

- 1) алынған нәтижелер мен көрсеткіштерге қол жеткізу деңгейі;
- 2) алынған нәтижелердің тиісті стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге және бюджеттік бағдарламаның өз мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі;
- 3) алынған нәтижелердің мемлекеттік қызметтерді тұтынушылардың мүдделері мен қажеттіліктеріне сәйкестігі;
- 4) бюджеттік бағдарламаның нәтижелеріне қойылатын жоғарыда келтірілген талаптарды растайтын құжаттардың болуы.

Бюджеттік бағдарламалар тиімділігін бағалауды жүргізу кезінде үкіметтік емес ұйымдар (қоғамдық бірлестіктер) мемлекеттік қызметтерді алушыларға сауал жүргізу негізінде алынған оларды ұсыну сапасы туралы ақпаратты пайдалануы мүмкін.

4. Бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін жоспарлау сатысында бағалауды бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар мыналардың негізінде жүргізеді:

- 1) болжанатын қаржы жылына арналған паспорттар, қаржыландыру жоспарларының жылдық сомалары, жеке қаржыландыру жоспарларының, бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар есебі жобалары;
- 2) бюджеттік бағдарламаның әкімшісі жүргізген бюджеттік бағдарламаның тиімділігін бағалау нәтижелері.

Бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау мыналарға сәйкес жүзеге а с ы р ы л а д ы :

1) қабылданған тиісті болжамды жылдарға арналған республиканың немесе өңірдің стратегиялық, орта мерзімді бағдарламалары мен әлеуметтік-экономикалық дамуы ж о с п а р л а р ы ;

2) егер осы бағдарламаны алдағы жылға іске асыру көзделсе өткен және ағымдағы жылдың бюджеттік бағдарламаларын іске асыруды талдау.

Бюджетті жоспарлау сатысында тиімділігін бағалау нәтижелері негізінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар ағымдағы қаржы жылының 1 маусымына дейінгі мерзімде үш жылдық кезеңге арналған басымды бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) тізбесін қалыптастырады.

5. Бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуын сыртқы бақылау кезінде бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалауды жүргізу тәртібін Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылайтын есеп комитеті айқындайды.

6. Бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуын ішкі бақылау кезінде бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалауды жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Ү к і м е т і а й қ ы н д а й д ы . " ;

2 2 ) 3 8 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бюджетаралық қатынастар бюджет процесіндегі республикалық, облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттері арасындағы және республикалық бюджет пен Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры арасындағы қатынастар болып табылады." ;

5-тармақтағы "бюджеттер деңгейлері" деген сөздер "республикалық, облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттері" деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

"8. төмен тұрған бюджеттердің жоғары тұрған органдардың жалпы сипаттағы трансферттердің үш жылдық көлемінің қолданылу кезеңінде шығыстардың ұлғаюына және (немесе) табыстардың азаюына әкелген нормативтік құқықтық актілер қабылдауынан туындаған шығасылары өтеу міндетті түрде жоғары тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер бөлу арқылы жүргізіледі.";

23) 39 - бапта :

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) республикалық бюджеттік бағдарлама әкімшісінің нысаналы республикалық бюджеттен алынатын трансферттер мен кредиттер есебінен қаржыландырылатын облыстық бюджеттік бағдарламалардың күтілетін нәтижелері мен көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін жауаптылығы;" ;

мынадай мазмұндағы 8), 9) және 10) тармақшалармен толықтырылсын:

"8) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының республикалық бюджеттен алынған нысаналы трансферттер мен кредиттерді тиімді әрі нысаналы пайдалануы үшін жауаптылығы;

9) облыстық бюджеттік бағдарлама әкімшісінің облыстық бюджеттен алынатын нысаналы трансферттер мен кредиттер есебінен қаржыландырылатын аудандық бюджеттік бағдарламалардың күтілетін нәтижелері мен көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін жауаптылығы ;

10) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарының облыстық бюджеттен алынған нысаналы трансферттер мен кредиттерді тиімді және нысаналы пайдалану үшін жауаптылығы;" ;

24) 40 - бапта :

1-тармақтағы "ресми" деген сөз алып тасталсын;

2-тармақтағы "Ресми трансферттер" деген сөздер "Трансферттер" деген сөздермен ауыстырылсын ;

6 - тармақта :

екінші бөлікте :

"мен кредиттердің" және "мен кредиттерді" деген сөздер алып тасталсын;

"он күн" деген сөздер "бір ай" деген сөздермен ауыстырылсын;

"бюджетке" деген сөзден кейін "бюджет қаражатының бос қалдықтары есебінен" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Нысаналы трансферттердің қаржы жылы ішінде пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) сомаларын оларды бөлген жоғары тұрған бюджетке ағымдағы қаржы жылының желтоқсан айында қайтаруға рұқсат етіледі.";

мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан республикалық бюджетке өткен қаржы жылы үшін аударылмаған кепілдік берілген трансферттің сомасын Қазақстан Республикасының Үкіметі республикалық бюджет комиссиясының шешімі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен ағымдағы қаржы жыл басындағы оның толық пайдаланылмаған сомаларынан артық емес көлемде алдыңғы жылдың республикалық бюджеттік даму бағдарламаларын қаржыландыру үшін ағымдағы қаржы жылында пайдалануға құқылы.";

25) 41-баптың тақырыбындағы және мәтін бойынша "ресми" деген сөз алып тасталсын;

26) 42-баптың тақырыбындағы және мәтін бойынша "ресми" деген сөз алып тасталсын;

27) 43-баптың 1, 2-тармақтарындағы "ресми" деген сөз алып тасталсын;

28) 44-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"44-бап. Нысаналы даму трансферттері

Жоғары тұрған бюджеттер төмен тұрған бюджеттерге республикалық немесе жергілікті бюджеттерде бекітілген сомалар шегінде:

1) мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалар немесе өңірлік бағдарламалар негізінде жергілікті атқарушы органдар ұсынатын жергілікті бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыру;

2) мемлекеттік басқарудың төмен тұрған органдарының жоғары тұрған мемлекеттік басқару органдарының құзыретіне жататын экономикалық пайда немесе әлеуметтік-экономикалық тиімділік алуға бағытталған республиканың стратегиялық және орта мерзімді бағдарламалары мен даму жоспарларын орындауы үшін берілетін ресми трансферттер нысаналы даму трансферттер болып табылады.";

29) 45-баптың 1-тармағында:

"асыруға және" деген сөздерден кейін "қолма-қол ақша тапшылығы болған жағдайда" деген сөздермен толықтырылсын;

"кассалық алшақтықты" деген сөздер "қолма-қол ақшаның болжамды тапшылығын" деген сөздермен ауыстырылсын;

30) 7-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"7-тарау. Бюджетке түсетін түсімдерді республикалық, облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар



қаланың) бюджеттері мен Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры арасында бөлу";

31) 46 - бапта :

1 - тармақта :

1) тармақшадағы "корпорациялық" деген сөз "мұнай секторы кәсіпорындарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, корпорациялық" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) мұнай секторы кәсіпорындарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, үстеме пайдаға салынатын салық ; " ;

6) тармақша алып тасталсын ;

7) және 8) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"7) мұнай секторы кәсіпорындарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, бонустар;

8) мұнай секторы кәсіпорындарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, роялти;" ;

9) тармақшадағы "Қазақстан Республикасының" деген сөздер "мұнай секторы кәсіпорындарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының" деген сөздермен ауыстырылсын ;

4 - тармақта :

мәтін бойынша "ресми" деген сөз алып тасталсын;

2) тармақшадағы "нысаналы" деген сөз "кепілдік берілген" деген сөздермен ауыстырылсын ;

32) 47-баптың 4-тармағындағы "ресми" деген сөз алып тасталсын;

33) 48 - бапта :

3-тармақтың 2) тармақшасындағы "жер учаскелерін" деген сөздер "ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелерін" деген сөздермен ауыстырылсын ;

4-тармақтағы "ресми" деген сөз алып тасталсын;

34) 49 - бапта :

3-тармақтың 2) тармақшасындағы "жер учаскелерін" деген сөздер "ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелерін" деген сөздермен ауыстырылсын ;

4-тармақтағы "ресми" деген сөз алып тасталсын;

35) мынадай мазмұндағы 49-1-баппен толықтырылсын:

"49-1-бап. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорына жіберілетін, бюджетке түсетін түсімдер

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорына жіберілетін, бюджетке түсетін түсімдер мыналардан тұрады :

1) мұнай секторы кәсіпорындарынан түсетін тікелей салықтар (жергілікті бюджеттерге есепке алынатын салықтарды қоспағанда), оларға мыналар жатады: корпорациялық табыс салығы, үстеме пайдаға салынатын салық; роялти, бонустар, өнімді бөлу бойынша үлес;

- экспортталатын шикі мұнайға, газ конденсатына рента салығы;
- 2) тау-кен өндіру және өңдеуші салаларға жататын республикалық меншіктегі мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден түсетін түсімдер;
- 3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер.";

36) 50 - бапта :

1 - тармақта :

- 1) тармақша мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу.";

- 4) тармақша мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"республикалық деңгейде білім беру саласындағы заңнамалық актілерге және осы Кодекске сәйкес тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін ақша есебінен білім беру саласындағы тиісті негізгі емес қызметті жүргізу;"

- 8) тармақша мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"республикалық деңгейде орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамалық актілерге және осы Кодекске сәйкес тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түсетін ақша есебінен орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы тиісті негізгі емес қызметті жүргізу;"

12) тармақшада :

екінші абзацтағы "ресми" деген сөз алып тасталсын;

үшінші абзац алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"мемлекет кепілдемелері бойынша міндеттемелерді орындау;"

37) 51 - баптың 1 - тармағында :

- 3) тармақша мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"облыстық деңгейде білім беру саласындағы заңнамалық актіге және осы Кодекске сәйкес тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түсетін ақша есебінен білім беру саласында негізгі емес қызметті жүргізу;"

- 8) тармақша мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"облыстық деңгейде орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамалық актілерге және осы Кодекске сәйкес тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түсетін ақша есебінен орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында негізгі емес қызметті жүргізу;"

12) тармақшадағы "ресми" деген сөз алып тасталсын;

38) 52 - баптың 1 - тармағында :

- 3) тармақша мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"республикалық маңызы бар қала, астана деңгейінде білім беру саласындағы заңнамалық актіге және осы Кодекске сәйкес тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түсетін ақша есебінен білім беру саласында негізгі емес қызметті жүргізу;"

8) тармақша мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"республикалық маңызы бар қала, астана деңгейінде орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамалық актілерге және осы Кодекске сәйкес тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түсетін ақша есебінен орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында негізгі емес қызметті жүргізу;" ;

1 2 ) т а р м а қ ш а д а :

екінші абзацтағы "ресми" деген сөз алып тасталсын;

төртінші абзац алып тасталсын;

3 9 ) 5 3 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

3) тармақша мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"аудандық (облыстық маңызы бар қала) деңгейде білім беру саласындағы заңнамалық актіге және осы Кодекске сәйкес тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түсетін ақша есебінен білім беру саласында негізгі емес қызметі жүргізу;" ;

7) тармақша мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"аудандық (облыстық маңызы бар қала) деңгейде орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамалық актілерге және осы Кодекске сәйкес тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түсетін ақша есебінен орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында негізгі емес қызметті жүргізу;" ;

9 ) т а р м а қ ш а д а :

екінші абзац алып тасталсын;

үшінші абзацтағы "ресми" деген сөз алып тасталсын;

4 - т а р м а қ т а :

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру ұйымдарын қолдау";

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"13) жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау;" ;

40) 55-бап мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

"8-1) мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу, іске асыру және олардың тиімділігін бағалау тәртібін айқындайды;" ;

4 1 ) 5 8 - б а п т а :

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) мұнай секторы кәсіпорындарының тізбесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;" ;

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) салалық (секторалдық), өңірлік және бюджеттік бағдарламаларды әзірлеу, іске асыру және олардың тиімділігін бағалау тәртібін айқындайды;" ;

9) тармақша "бюджеттік" деген сөздің алдынан "жергілікті" деген сөзбен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 12-1) тармақшамен толықтырылсын:

"12-1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік емес қарыздар бойынша мемлекет кепілдемесін ұсынуы тәртібін, мемлекет кепілдемесімен тартылатын қарыздарды алу, пайдалану, өтеу, оларды тіркеу мен есепке алу, мониторингі және кепілдеме бойынша борышты басқару тәртібін айқындайды;"

13) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 14-1) тармақшамен толықтырылсын:

"14-1) республикалық және жергілікті бюджеттерден алынатын субсидияларды төлеу тәртібін айқындайды;"

19) тармақшадағы "ресми" деген сөз алып тасталсын;

23) тармақша алып тасталсын;

26) тармақшадағы "және жергілікті атқарушы органдардың штат саны лимитін" деген сөздер ", жергілікті атқарушы органдардың штат саны лимиттері мен нормативтерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

42) 59 - бапта :

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) басым бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) бөле отырып, мемлекеттік функцияларға, мемлекеттік, салалық (секторалдық) және өңірлік бағдарламаларға, Мемлекет басшысының Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауына және мемлекеттік мекемелердің, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың ақысы төленбеген міндеттемелеріне сәйкес алдағы қаржы жылы іске асырылатын бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) тізбесінің ж о б а с ы н қ а л ы п т а с т ы р а д ы ; "

5) тармақшадағы "өз иелігінде қалатын" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) мұнай секторы кәсіпорындарының тізбесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлейді және Қазақстан Республикасының Үкіметіне е н г і з е д і ; "

10) тармақшадағы "бюджеттік бағдарламалардың" деген сөздер "бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) тармақша "борышты" деген сөзден кейін ", сондай-ақ мемлекет кепілдемелері жөніндегі борышты" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 12-1) - 12-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"12-1) республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік органдары аппараттарының штат кестесін әзірлеу жөнінде әдіснамалық басшылық әзірлейді;

12-2) бюджеттік жоспарлау бойынша әдістемелік басшылықты жүзеге асырады;"

43) 60 - бапта :

мынадай мазмұндағы 1-1) және 1-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-1) экономикалық жоспарлау жүйесін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдайды ;

1-2) республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарларын әзірлеу және іске асыру әдістемесін айқындайды;"

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) бюджетті нақтылау жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдайды;"

4 4 ) 6 1 - б а п т а :

16) тармақша "кепілдіктері" деген сөзден кейін "мемлекет кепілдемелері" деген сөздермен толықтырылсын ;

мынадай мазмұндағы 22-1) және 22-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"22-1) Осы кодекске сәйкес Қазақстан Республикасының республикалық, жергілікті бюджеттер мен Ұлттық қордың арасындағы түсімдер сомасын кейіннен оларды қолма-қол ақшаның тиісті бақылау шоттарына аударып бөлуді жүзеге асырады;

22-2) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына жіберілетін бюджетке, оның Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шоттарына түсетін түсімдер сомаларының аударуын жүзеге асырады ;"

4 5 ) 6 4 - б а п т а :

тақырыбындағы және бірінші абзацтағы ", аудан (облыстық маңызы бар қала)" деген сөздер алып тасталсын ;

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) бюджетті жоспарлау және атқару жөніндегі облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті уәкілетті органының жұмысын үйлестіреді;"

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) тиісті қаржы жылына арналған облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің жобасын жылдық есепті тиісті мәслихатқа табыс етеді;"

2), 3), 4), 5), 6) және 7) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"2) облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есепті тиісті мәслихатқа табыс етеді;

3) тиісті қаржы жылына арналған тиісті бюджеттер туралы облыстық өкілді органның және республикалық маңызы бар қаланың, астананың өкілді органның шешімін іске асыру туралы қаулы қабылдайды;

4) облыстық атқарушы органның және республикалық маңызы бар қаланың, астананың атқарушы органының орта мерзімді фискалдық саясатын бекітеді;

5) экономикалық, бюджеттік жоспарлау, бюджетті атқару жөніндегі облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың уәкілетті органдарын құрады;

6) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджет комиссиясын құрады, ол туралы ережені бекітеді, оның құрамын айқындайды;

7) осы Кодексте көзделген жағдайларда тиісті қаржы жылының бірінші тоқсанына

арналған облыстық қаржы жоспарын және республикалық маңызы бар қаланың, астананың қаржы жоспарын бекітеді;";

46) мынадай мазмұндағы 64-1, 64-2, 64-3 және 64-4-баптармен толықтырылсын:

"64-1-бап. Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігінің құзыреті

Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі:

1) аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің атқарылуын қамтамасыз етеді және бюджетті атқару жөніндегі ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) уәкілетті органдарының жұмысын үйлестіреді;

2) аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есепті тиісті мәслихатқа табыс етеді;

3) тиісті қаржы жылына арналған тиісті бюджеттер туралы ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) өкілді органының шешімін іске асыру туралы қаулы қабылдайды;

4) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) атқарушы органының орта мерзімді фискалдық саясатын бекітеді;

5) экономикалық, бюджеттік жоспарлау, бюджетті атқару жөніндегі аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетін атқару жөніндегі уәкілетті органдарды құрады;

6) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет комиссиясын құрады, ол туралы ережені бекітеді, оның құрамын айқындайды;

7) осы Кодексте көзделген жағдайларда тиісті қаржы жылының бірінші тоқсанына арналған ауданның облыстық қаржы жоспарын бекітеді.

64-2-бап. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) уәкілетті органының құзыреті

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) уәкілетті органы:

1) тиісті қаржы жылына арналған облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) атқарушы органының орта мерзімді фискалдық саясатының жобасын әзірлейді;

2) тиісті қаржы жылына арналған облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін бекіту туралы өкілді органы шешімінің жобасын әзірлейді және оларды облыс, республикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппаратына қарауға береді;

3) тиісті қаржы жылына арналған облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін бекіту туралы өкілді органы шешімін іске асыру туралы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі шешімінің жобасын

ә з і р л е й д і ;

4) тиісті қаржы жылына арналған облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін қаржыландырудың жылдық жоспарын әзірлейді және бекітеді;

5) тиісті қаржы жылына арналған облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін нақтылау (түзету) жөнінде ұсыныстар енгізеді;

6) тиісті қаржы жылына арналған облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттік бағдарламаларының тиімділігін бағалауды жүзеге асырады.

64-3-бап. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органының құзыреті

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органы:

1) облыстық бюджетті, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетін атқару жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

2) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарының жұмысын үйлестіреді;

3) облыстық бюджетке, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетіне түсетін түсімдерді болжамдауға қатысады;

4) облыстық бюджетке, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетіне түсетін түсімдердің және оларды қаржыландырудың жиынтық жоспарларына өзгерістерді әзірлейді, бекітеді және енгізеді;

5) міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарларына сәйкес облыстық бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың), республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттік бағдарламаларының (кіші бағдарламаларының) әкімшілеріне рұқсат береді;

6) міндеттемелер бойынша өздерінің жеке қаржыландыру жоспарларына сәйкес облыстық бюджеттен, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге рұқсат береді;

7) облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің қаражаты есебінен берілетін бюджеттік кредиттердің берілуін, оларға қызмет көрсетілуін және нысаналы пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады, олардың есепке алынуын, мониторингін және қайтарылуын қамтамасыз етеді;

8) облыстың, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің атқарылуына мониторингін жүзеге асырады;

9) облыстық бюджетті, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетін және облыс бюджетін атқару жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдайды.

64-4-бап. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарының құзыреті

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдары:

1) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін атқару жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

2) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетіне түсетін түсімдерді болжамауға қатысады

3) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетіне түсетін түсімдердің және оларды қаржыландырудың жиынтық жоспарларына өзгерістерді әзірлейді, бекітеді және енгізеді;

4) міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарларына сәйкес аудандық (қалалық) бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) әкімшілеріне рұқсат береді;

5) міндеттемелер бойынша өздерінің жеке қаржыландыру жоспарларына сәйкес аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге рұқсат береді;

6) аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің қаражаты есебінен берілетін бюджеттік кредиттердің берілуін, оларға қызмет көрсетілуін және мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады, олардың есепке алынуын, мониторингін және қайтарылуын қамтамасыз етеді;

7) аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің атқарылуына мониторингін жүзеге асырады;

8) аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетін атқару жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдайды;

9) өткен қаржы жылы үшін аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетін атқару жөніндегі есептілікті құрады.";

47) 66-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) алдағы үш жылдық кезеңде және жоспарланып отырған қаржы жылында қаржыландыру үшін бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) тізбесін айқындау, мемлекеттік емес секторға берілетін функцияларды және бюджеттік бағдарламалар паспорттарының жобаларын ескере отырып, орта мерзімді фискалдық саясатқа, мемлекеттік функцияларды талдау нәтижелеріне негізделі отырып, оларды іске асыру тетіктерін айқындау жөнінде ұсыныстар әзірлеу;"

48) 68-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"Республикалық және жергілікті бюджеттерді және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорына жіберілетін, бюджетке түсетін түсімдерді жоспарлау жоспарланып отырған кезеңге арналған республикалық және жергілікті бюджет түсімдерінің көлемін



және стратегиялық міндеттерімен және басымдықты ескере отырып, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму міндеттеріне сәйкес оларды пайдалану бағыттарын айқындау жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу процесі болып табылады.";

49) 69-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) сабақтастық принципі - республикалық және жергілікті бюджеттерді, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорына жіберілетін, бюджетке түсетін түсімдерді алдыңғы кезеңде негізге алынған республиканың әлеуметтік-экономикалық даму, орта мерзімді фискалдық саясат бағыттарын сақтап, бағдарламаларды іске асыру тиімділігін бағалау мен өткен және ағымдағы қаржы жылдары бюджетінің атқарылу нәтижелерін ескере отырып

ж о с п а р л а у ;

2 ) т а р м а қ ш а д а :

"бюджетті" деген сөз "республикалық және жергілікті бюджеттерді" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"арналған" деген сөзден кейін "стратегиялық және" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

"алдағы" деген сөздің алдынан "республиканың немесе өңірдің" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) шығыстардың мұнай түсімдеріне тәуелділігін азайту қағидаты - мұнай емес сектордың мақсатты дамуы есебінен мұнай емес тапшылықтың мөлшерін азайту.";

5 0 ) 7 0 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

ү ш і н ш і а б з а ц а л ы п т а с т а л с ы н ;

т ө р т і н ш і а б з а ц м ы н а д а й р е д а к ц и я д а ж а з ы л с ы н :

"республиканың немесе өңірдің стратегиялық және әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді кезеңге арналған басым бағыттарын ескере отырып, бюджет қаражатын жұмсаудың басым бағыттарын;"

б е с і н ш і а б з а ц а л ы п т а с т а л с ы н ;

2 - т а р м а қ т а :

"орта мерзімді әлеуметтік-экономикалық даму жоспары" деген сөздер "стратегиялық және орта мерзімді әлеуметтік-экономикалық және даму жоспарлары" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"мен бағалау" деген сөздер алып тасталсын;

"талдау" деген сөзден кейін "және бағдарламаларды бағалау" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

"жоспары" деген сөзден кейін "және бюджеттік бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыруды бағалау" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Бюджетті әзірлеу немесе нақтылау кезінде орта мерзімді фискалдық саясаттың

негізгі бағыттары түзетілетін жағдайларда оған өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі м ү м к і н . " ;

3 - т а р м а қ т а :

бірінші бөліктегі "1 маусымына" деген сөздер "1 қыркүйегіне" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

екінші бөліктегі "Жергілікті атқарушы органның", "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының", "облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы "1 шілдесіне" деген сөздер "1 қазанына" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

5 1 ) 7 3 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган орта мерзімді фискалдық саясат не г і з і н д е :

1) басым бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) қамтитын басым бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) тізбесін;

2) ағымдағы бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік даму бағдарламалары үшін бюджет шығыстарының лимитін қалыптастырады:

Басым бюджеттік бағдарламалардың тізбесі бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген нысанда өткен жылғы есептік деректерді және ағымдағы жылға арналған жоспарлы көрсеткіштерді көрсете отырып бюджеттік бағдарламаларды а й қ ы н д а й д ы .

Басым бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) қалыптастыру бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) қамтитын бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) тізбесі негізінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте, жоспарланатын кезеңнің бірінші жылында іске асырылуы басталатын басым бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбелеріне енгізілетін бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) қоса алғанда, бюджеттік бағдарламалар мынадай талаптарға жауап беруі тиіс:

1) мемлекеттік функцияларға сәйкестігі;

2) мемлекеттік, салалық (секторалдық), өңірлік бағдарламаларға сәйкестігі;

3) орта мерзімді фискалдық саясаттың негізгі бағыттары;

4) бюджеттік инвестициялық жобалар (бағдарламалар) үшін - техникалық-экономикалық негіздемесі экономикалық сараптамасының оң қорытындысының болуы міндетті.";

3-тармақтағы "Бюджет" деген сөз "Бюджеттік инвестициялық жобаларды ( бағдарламаларды) қоса алғанда, бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) тізбесін және бюджет" деген сөздермен ауыстырылсын;

5 2 ) 7 4 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган жеткізген басым бюджеттік бағдарламаларды қоса алғанда, бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) тізбесі ;

мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:

"бюджеттік бағдарламалар паспорттарының жобасы; бюджеттік бағдарламалар әкімшісі жүргізген бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау нәтижелері.";

3-тармақ мынадай мазмұндағы бөліктермен толықтырылсын:

"Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі:

1) бюджет шығыстарының жеткізілген лимиті шеңберінде бюджеттік бағдарлама паспорты жобасының мақсаттарын, міндеттерін, іс-шараларын, күтілетін нәтижелерін, көрсеткіштерін нақтылайды ;

2) қатаң түрде бюджет шығыстарының жеткізілген лимиттері шеңберінде алдағы үш жылдық кезеңге арналған болжамдық көрсеткіштерді көрсете отырып, олар бойынша шығыстар сомасын айқындайды.";

4 - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) басым бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) қамтитын басым бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) тізбесі;"

3), 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"3) бюджеттік бағдарламаны іске асыру кезеңіне байланысты үш жылдық кезеңге арналған нақтыланған мақсаттарымен, міндеттерімен, іс-шараларымен, орындау мерзімімен, күтілетін нәтижелерімен, көрсеткіштермен бюджеттік бағдарлама паспортының жобасы ;

4) бюджеттік бағдарлама әкімшісі жүргізген бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау нәтижелері;"

5) тармақша алып тасталсын ;

екінші бөліктегі "өздерінің иелігінде қалатын ақша түсімдері мен шығыстарының" деген сөздер "ақша түсімдерінің" деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы бөліктермен толықтырылсын:

"Білім беру, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік мекемелердің негізгі емес қызметіне байланысты бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстар көлемі олар өткізетін тауарлардан (жұмыстардан, қызметтерден) түсетін ақша түсімдерінің болжамынан аспауы тиіс.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі алдағы қаржы жылына арналған өтінімді бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға міндетті түрде ағымдағы

қаржы жылының 1 маусымына дейін береді.";

5-тармақ алып тасталсын;

7, 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Бюджеттік бағдарлама паспортының жобасы мақсаттарды, нормативтік-құқықтық негіздемені, міндеттерді, іс-шараларды, жауапты орындаушыларды, орындау мерзімдерін, ұлттық валютадағы құнын, бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздерін, күтілетін нәтижелерді, көрсеткіштерді айқындайтын құжат болып табылады.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бюджеттік бағдарламаның паспорты жобасын құрудың дұрыстығына үшін жауапты болады.

8. Субсидиялауға жіберілетін шығындарды қоспағанда, бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша шығыстарды есептеу бюджеттік бағдарламалардың нормативтік, сандық, құндық көрсеткіштері және бекітілген заттай нормалар негізінде жүзеге асырылады.

Бюджеттік субсидиялар мөлшері өз қаражаты есебінен заңды тұлғалар мен және шаруа (фермер) қожалықтары жабатын құнды шегеріп тастағанда, заңды, жеке тұлғалардың және шаруа (фермер) қожалықтарының қызмет құнын жабуға жіберілетін сома ретінде айқындалды.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бюджеттік өтінімнің есептері негізінде жасалуына және олардың сенімділігіне жауапты болады.";

мынадай мазмұндағы 8-1-тармақпен толықтырылсын:

"8-1. Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі бюджеттік өтінімді шығыстар лимиті шегінде енгізуге міндетті.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламаларының (кіші бағдарламаларының) жалпы құны шығыстар лимиттерінен асып түскен жағдайда бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға бюджеттік өтінімнің құрамында:

бекітілген мемлекеттік, салалық (секторалды), өңірлік бағдарламаларды, оның ішінде олардың іс-шаралар жоспарларын;

заттай нормаларды;

бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) сандық және құндық көрсеткіштерін;

ұсынылатын шаралар негіздемесін өзгерту жөніндегі ұсынысты табыс етеді.";

53) 75-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бюджеттік өтінімдерді бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган қарап, осы Кодекстің 35-бабының 4-тармағына сәйкес оларға бағалау жүргізеді және солар бойынша тиісті қорытынды дайындайды.

Бюджеттік бағдарлама әкімшісі бюджеттік өтінімді қағаз тасығышта және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның ақпараттық жүйесін

пайдалану арқылы электрондық құжат түрінде енгізуге міндетті.

Бюджеттік өтінім бюджеттік заңнаманың оны жасау және табыс ету жөніндегі талаптарына сәйкес болмаған жағдайда, бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бюджеттік өтінімді бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне қайтарады.

Бюджеттік өтінім бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның ақпараттық жүйесінде болмаса және бюджеттік өтінім қағаз тасығышта берілгенмен сәйкес келмеген жағдайда, бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган оны қарамай бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне қайтарады.

Ағымдағы жылғы 1 шілдеден кейін және республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын Қазақстан Республикасының Парламентінде және тиісті мәслихаттарда қарау, бекіту сатысында, бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік өтінімін бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган қарағаннан және ол бойынша бюджеттік комиссия шешім қабылдағаннан кейін басым бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) қамтитын басым бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) тізбесін толықтыруға рұқсат етілмейді.;

5 4 ) 7 6 - б а п т а :

3 - т а р м а қ т а :

2) тармақша "төменгі мөлшері" деген сөздерден кейін ", ең төменгі күнкөріс деңгейі" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) мемлекет кепілдемесін беру лимиті.;"

4 - т а р м а қ т а :

2), 3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорына жіберілетін, бюджетке түсетін түсімдердің көлемі;

3) тікелей салықтары (жергілікті бюджеттерге есепке алынатын салықтарды қоспағанда), Қазақстан Республикасы Ұлттық қорына есепке алынатын шикі мұнайды және газ конденсатын өндірумен және (немесе) өткізумен айналысатын мұнай секторы кәсіпорындарының тізбесі.;"

5 5 ) 8 6 - б а п т а :

3-тармақтағы "Осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, бюджеттің" деген сөздер "Бюджеттің" деген сөзбен ауыстырылсын;

5-тармақтағы "атқарылуына қызмет көрсетуді" деген сөздер "атқарылуы бойынша рәсімдерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

5 6 ) 8 7 - б а п т а :

1-тармақтағы "іс-шараларға бюджет қаражатын пайдалану" деген сөздерден кейін ", күтілетін нәтижелер мен көрсеткіштерге қол жеткізу" деген сөздермен толықтырылсын ;

2, 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Уақтылылық принципі - белгіленген мерзімдерде барлық түсімдерді есепке алу, және жеке қаржыландыру жоспарлары мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларына сәйкес бюджет қаражатын пайдалану және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мерзімде және тәртіппен оларды алушылардың шотына бюджет қ а р а ж а т ы н е с е п к е а л у .

4. Кассаның бірыңғайлық принципі - бюджетке түсетін түсімдердің барлығын бірыңғай қазынашылық шотқа есепке алу және көзделген шығыстардың барлығын бірыңғай қазынашылық шоттан ұлттық валютамен жүзеге асыру.

Шетелдік валюта түрлері бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінде ашылған банк шоттарынан бюджетке түсетін түсімдер бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне қайта айырбастауға өтінім берген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей бірыңғай қазынашылық шотқа қайта айырбасталуы және есепке алынуға тиіс.

Бюджет жүйесінің барлық деңгейіндегі бюджеттері кассаның бірыңғайлығы принципі негізінде атқарылады.";

5 7 ) 8 8 - б а п т а :

1-тармақ "шот -" деген сөзден кейін "кассаның бірыңғайлығы принциптерінде" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қолма-қол ақшаның бақылау шоттары бірыңғай бюджеттік сыныптамаға және мемлекеттік мекемелердің кодтарына сәйкес: мынадай операцияларды есепке алуға а р н а л ғ а н :

1) республикалық және жергілікті бюджеттерге түсетін түсімдер және білім беру, орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаны және олардың есебінен төлемдерді қоспағанда, республикалық және жергілікті бюджеттерден жүргізілген т ө л е м д е р ;

2) білім беру, орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден республикалық және жергілікті бюджеттерге түсетін түсімдер мен олар бойынша жүргізілген төлемдер;

3) Осы Кодекстің 23-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына жіберілетін, бюджетке түсетін түсімдер және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының шоттарына жүргізілген а у д а р ы м д а р ;

4) мемлекеттік мекемелерге демеушілік, қайырымдылық көмектен түсетін түсімдер және олардың есебінен жүргізілген төлемдер;

5) жеке немесе заңды тұлғаның мемлекеттік мекемеге олар номиналды түрде қайтарылатын шартпен, алғашқы талап етуі бойынша немесе қандай да бір мерзімнен кейін толық немесе бөліп-бөліп, алдын ала келісілген үстемесімен не онсыз, жеке

немесе заңды тұлғаларға тікелей не тиісті республикалық немесе жергілікті бюджеттерге берілетініне қарамастан, беретін ақша;

Сайлауларды қаржыландыру үшін шоттар - жергілікті бюджеттердің қолма-қол ақшасының бақылау шотынан басқа және Қазақстан Республикасының Президентін, Парламенті депутаттарын, мәслихаттарын, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлаған кезде сайлау іс-шараларын өткізуге арналған шығыстар бойынша операцияларды есепке алуға арналған жергілікті атқарушы органның қолма-қол ақшасының бақылау шоты.

Республикалық бюджеттен сайлауларды қаржыландыру үшін шоттарына қаражатты аудару Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы жүзеге асырады.

Сайлауларды басқару үшін шоттарындағы қаражатты жұмсауға аумақтық сайлау комиссияларының төрағалары ғана құқылы.";

58) 89-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"89-бап. Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыруды қаржыландыру

1. Мемлекеттік органдардың бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыруы республикалық немесе жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен қаржыландырылады.

2. Ішкі істер органдарының бюджеттік бағдарламаларын (кіші бағдарламаларын) қоспағанда, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру республикалық бюджеттен қаржыландыруға рұқсат етілмейді.

Ішкі істер органдарының бюджеттік бағдарламаларын (кіші бағдарламаларын) қоспағанда, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру жергілікті бюджеттен қаржыландыруға рұқсат етілмейді.

Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыруды қаржыландыру екі және одан көп жергілікті бюджеттерден қаржыландыруға рұқсат етілмейді.";

59) 90 - бапта :

1 - тармақта :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) бюджеттік шот - бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын шығыстар бойынша операцияларды есепке алуды жүзеге асыратын, бірыңғай бюджеттік сыныптамасы кодтары мен мемлекеттік мекемелердің кодтарының құрамдастырылуы;" ;

2), 3) және 4) тармақшалар алып тасталсын;

б) тармақша "шотына" деген сөзден кейін "екінші деңгейдегі банктердегі" деген сөздермен толықтырылсын ;

7) тармақшадағы "бюджетті атқару жөніндегі орталық атқарушы органға" деген

сөздер "екінші деңгейдегі банктерде" деген сөздермен ауыстырылсын;  
2-тармақтағы "бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда" деген сөздер "  
қазынашылық органында" деген сөздермен ауыстырылсын;

6 0 ) 9 1 - б а п т а :

3-тармақтағы "бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті" деген сөздер "  
қазынашылық" деген сөзбен ауыстырылсын; салымдарға (депозиттерге)" деген сөздер "  
депозиттерге" деген сөзбен ауыстырылсын;

6 - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жоғары тұрған бюджет бөлген пайдаланылмаған нысаналы трансферттер мен  
бюджеттік кредиттер сомаларын ағымдағы жылдың бюджетін мәслихатта түзету  
арқылы жоғары тұрған бюджетке міндетті қайтаруға;"

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) өткен жылғы бюджетте бекітілген бюджеттік инвестициялық жобаны оның  
бекітілген жылдық көлемінің он процентінен аспайтын сомаға ағымдағы жылдың  
бюджетін Қазақстан Республикасының Парламентінде немесе мәслихатта  
нақтыламай-ақ, ағымдағы қаржы жылына арналған республикалық немесе жергілікті  
бюджетті түзету арқылы қаржыландыруды аяқтауға жұмсалуды мүмкін. Мұндай  
шығыстар ағымдағы жылдың шығыстары болып табылады;"

2) тармақшадағы "Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы  
органның қаулысы негізінде" деген сөздер "республикалық немесе жергілікті бюджетті  
түзету арқылы" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) және 4) тармақшалар алып тасталсын;

61) 92-бап мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) жеке қаржыландыру жоспарлары;"

6 2 ) 9 3 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

1) тармақшадағы "толық" деген сөз "жалпы сомада" деген сөздермен ауыстырылсын  
;

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) төмен тұрған бюджеттерге нысаналы трансферттер мен кредиттерді бөлу;"

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Республикалық бюджетті нақтылаған жағдайда тиісті қаржы жылына арналған  
республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан  
Республикасы Үкіметінің қаулысы тиісті қаржы жылына арналған республикалық  
бюджет туралы заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңға Қазақстан  
Республикасының Президенті қол қойған күннен бастап он күн ішінде бекітіледі.

Жергілікті бюджетті нақтылаған жағдайда тиісті қаржы жылына арналған



жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімін іске асыру туралы жергілікті атқарушы органның қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы жергілікті атқарушы органның қаулысы тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы жергілікті мәслихат шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәслихат шешімі бекітілгеннен кейін екі апта мерзімде бекітіледі.";

6 3 ) 9 4 - б а п т а :

2-тармақ "отырып жасалады" деген сөздерден кейін "және бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау үшін негіз болып табылады" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

3 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) мемлекеттік функциялар мемлекеттік басқару органының бір деңгейінен екіншісіне, бір мемлекеттік органнан екіншісіне немесе мемлекеттік емес секторға б е р і л г е н ; " ;

2) тармақша "Қазақстан Республикасы" деген сөздердің алдынан ", мақсаттар, міндеттер, іс-шаралар, жауапты орындаушылар, іске асыру мерзімдері, күтілетін нәтижелер мен көрсеткіштер өзгерген жағдайда" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақшадағы "қажет болған" деген сөздерден кейін ";" белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) осы Кодекстің 108-бабының 5-тармағында көзделген";

6 4 ) 9 6 - б а п т а :

1-тармақтағы "бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті" деген сөздер "қазынашылық" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2-тармақтың 2) тармақшасы "бюджет деңгейлері" деген сөздер "республикалық, жергілікті бюджеттер мен Қазақстан Республикасы Ұлттық қор" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

65) 98-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"98-бап. Түсімдерді республикалық, жергілікті бюджеттер мен Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры арасында бөлу

Түсімдерді республикалық, жергілікті бюджеттер мен Қазақстан Республикасы Ұлттық қор арасында бөлуді осы Кодекске сәйкес әрбір жұмыс күні бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жүзеге асырады.";

6 6 ) 1 0 0 - б а п т а :

1-тармақ "уәкілетті органның," деген сөздерден кейін "қазынашылық органдарының ," деген сөздермен толықтырылсын;

"толық және уақтылы орындауға" деген сөздер "мақсатқа уақтылы қол жеткізуге" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2 - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) міндеттемелер мен төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарларын, міндеттемелер мен төлемдер бойынша бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарларын жасау және бекіту;"

б) тармақшасы алып тасталсын;

6 7 ) 1 0 1 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

"әкімшілері" деген сөзден кейін "жеке қаржыландыру жоспарларын ескере отырып, " деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) Мемлекеттік мекемелер жеке қаржыландыру жоспарларын әзірлейді және оларды бекіту үшін және бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарларын әзірлеу үшін бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне б е р е д і . " ;

6-тармақ "мен қаржыландырудың" деген сөздерден кейін "және жеке қаржыландыру жоспарының" деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жеке қаржыландыру жоспарларын бекітуді қамтамасыз етеді және оларды бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті о р г а н ғ а т а б ы с е т е д і .

Бюджет шығыстарының экономикалық жіктемесіне сәйкес міндеттемелер бойынша бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарлары мен жеке қаржыландыру жоспарлары, ал төлемдер бойынша айларға бөле отырып, бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бөлінісінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға табыс етеді."

8 - т а р м а қ т а :

екінші бөліктегі 1), 2), 3) және 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1) бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне:

бюджеттік бағдарламаның паспортына сәйкес келу;

бюджеттік бағдарламаның паспортында көзделген іс-шараларды уақтылы әрі сапалы орындауды және бюджет қаражатын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету;

2) мемлекеттік мекемелерге:

міндеттемелер мен төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес мемлекеттік мекемелер қабылдайтын міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету;

жеке қаржыландыру жоспарларының бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарларына сәйкес келуі;"

6 8 ) 1 0 2 - б а п т а :

1-тармақтағы "Түсімдер" деген сөз "Жоғары тұрған бюджеттен алынған пайдаланылмаған нысаналы трансферттерді шегеріп тастағандағы бюджет қаражатының бос қалдықтарын ескере отырып, бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама

) деңгейіндегі" деген сөздермен ауыстырылсын;  
3-тармақ "қаржыландырудың" деген сөзден кейін "төлемдер бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

"қаржыландыру" деген сөз "қаржыландырудың төлемдер бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

"сәйкес" деген сөзден кейін "мемлекеттік мекемелердің міндеттемелер қабылдауы және" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақ "орталық" деген сөзден кейін "қазынашылық орган" деген сөздермен толықтырылсын;

"жергілікті уәкілетті органдар" деген сөздер "облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) уәкілетті органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Жылдық сомаларды қоса алғанда, түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарына, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді орталық қазынашылық органы, жергілікті бюджеттер бойынша - бюджетті атқару жөніндегі облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) уәкілетті органдары Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырады." ;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Бюджетті атқару жөніндегі облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) уәкілетті органдары түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарын, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын аумақтық қазынашылық органдарға табыс етеді . "

69) 103-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Міндеттемелер бойынша бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) қаржыландыру жоспарларына және жеке қаржыландыру жоспарларына сәйкес рұқсаттар беріледі." ;

70) 104 - бапта :

1-тармақтағы "қаржыландыру жоспарларында бекітілген сомалар" деген сөздер " жеке қаржыландыру жоспарларында бекітілген сомаларға сәйкес берілген сомалар, рұқсаттар" деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай мазмұндағы бөліктермен толықтырылсын:

"Мемлекеттік мекемелердің азаматтық-құқықтық мәмілелерін тіркеуді жүзеге асырған кезде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган оларды берілген рұқсаттар сомаларына сәйкестігін тексереді.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның және мемлекеттік

мекемелердің бірінші басшысының қолы және мөрі қойылған азаматтық-құқықтық мәмілелерді (міндеттемелерді) тіркеу туралы хабарлама бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда азаматтық-құқықтық мәмілелерді (міндеттемелерді) тіркеу туралы растайтын құжат болып табылады.

Хабарламаның нысанын, оны ресімдеу тәртібін, ұсынуды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.";

3-тармақтағы "мемлекеттік мекемелердің азаматтық-құқықтық мәмілелер жасасуына" деген сөздер "мемлекеттік мекемелер жасасқан азаматтық-құқықтық мәмілелер тіркеуге" деген сөздермен ауыстырылсын;

7 1 ) 1 0 5 - б а п т а :

1-тармақ "орталық" деген сөзден кейін "қазынашылық органы" деген сөздермен толықтырылсын;

2, 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Растайтын құжаттар - бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның бірінші басшылары тіркелген азаматтық-құқықтық мәміленің шарттарына немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актісіне сәйкес келетін тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау немесе қызметтерді көрсету бойынша қызметтер көрсететін заңды тұлғалар мемлекеттік мекеменің бірінші басшысы мен бас бухгалтері қол қойған және олардың мөрі және төлеушоттары бар мемлекеттік мекемелердің азаматтық-құқықтық мәмілелерін (міндеттемелерін) тіркеу туралы хабарлама.

Мемлекеттік мекемелердің заңды тұлғалар тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау немесе қызметтерді көрсету жөнінде көрсеткен қызметтерді бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда тіркелгендерге сәйкес алғанын растаудың дұрыстығы үшін мемлекеттік мекеме жауапты болады.

3. Төлеуге берілетін шот - мемлекеттік мекемелердің міндеттемелерді орындағанын растайтын құжат және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган үшін бюджет қаражатын алушының пайдасына төлемдер мен аударымдарды жүзеге асыру үшін негіз болып табылады.

Бюджеттен төленетін төлемдер мен аударымдар оларды жүргізу уақытында тиісті бюджеттегі қолма-қол ақшаның бақылау шотындағы бюджет қаражатының қалдығы шегінде жүзеге асырылады.

Төлеуге берілетін шоттарды ресімдеу, ұсыну, пайдалану нысанын, тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Төлем құжаттарын ресімдеу, ұсыну және пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасының төлемдер және ақша аударымдары туралы заңдарында белгіленеді.";

4-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) экономикалық сыныптама бойынша міндеттемелер жөніндегі қаржыландыру жоспарлары мен жеке қаржыландыру жоспарларына және бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) деңгейінде төлемдер мен мемлекеттік мекемелердің тіркелген

міндеттемелерінің сомалары бойынша қаржыландыру жоспарлары мен жеке қаржыландыру жоспарларына ; " ;

5-тармақ мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджет қаражатын алушы тарапынан міндеттемелерді толық орындаған кезде төлемдер мен аударымдарды жүзеге асыруды растау үшін жүргізілген төлемдер туралы деректермен бірге Азаматтық-құқықтық мәмілелерді (міндеттемелерді) тіркеу туралы хабарлама береді. " ;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның инкассалық өкімдерді орындауы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен жүзеге асырылады . " ;

7 2 ) 1 0 6 - б а п т а :

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган төлемдердің уақтылылығы мен толықтығын қамтамасыз ету үшін бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) деңгейіндегі ағымдағы жылдың тиісті кезеңіне арналған төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттерге түсетін түсімдер мен бюджет қаражатының бос қалдықтарын және жүргізілетін төлемдерді ескере отырып, бюджет қаражатының (қолма-қол ақшаның) күтілетін көлемін айқындайды .

Мемлекеттік мекемелердің орындалған міндеттемелерін бюджет қаражатымен ( қолма-қол ақшамен) уақтылы қамтамасыз ету бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның жауапкершілігі болып табылады.

Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган бюджет қаражатын (қолма-қол ақшаны) уақтылы басқарудың тиімді әдісін пайдаланады.

Қолма-қол ақша профициті - өндірілетін төлемдердің болжамды көлемінің республикалық және жергілікті бюджеттерге түсетін нақты түсімдер мен ағымдағы қаржы жылынан бастап бюджет қаражатының бос қалдықтарының көлемінен артуы.

Қолма-қол ақша тапшылығы - өндірілетін төлемдердің болжамды көлемінің республикалық және жергілікті бюджеттерге түсетін түсімдер болжамы мен ағымдағы қаржы жылынан бастап бюджет қаражатының бос қалдықтарының көлемінен артуы.

Тиісті бюджеттің ағымдағы қаржы жылының тиісті кезеңіне арналған қолма-қол ақша тапшылығының жол берілетін шекті мөлшері бекітілген, нақтыланған және түзетілген республикалық және жергілікті бюджеттер тапшылығының тиісті қаржы жылына арналған бекітілген сомасынан аспауға тиіс.

Ағымдағы жылдың тиісті кезеңінде республикалық бюджеттің қолма-қол ақша тапшылығы болжамы жағдайында бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекеттік бағалы қағаздар шығарады.

Ағымдағы қаржы жылының тиісті кезеңінде тиісті жергілікті бюджеттен қолма-қол

ақша тапшылығы күтілетін жағдайда жергілікті атқарушы орган жоғары тұрған бюджеттен қарыз алуды жүзеге асырады.";

73) 107, 108-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"107-бап. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін кепілдік берілген трансфертті пайдалану

1. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ай сайын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкi мен келiсiм бойынша:

1) республикалық бюджетке түсетін түсімдер жөніндегі және бюджет қаражатының қалдықтарын болжау негізінде тиісті қаржы жылына арналған бекітілген республикалық бюджет туралы заң шеңберінде бюджеттік даму бағдарламалары (кіші бағдарламалары) бойынша төлемдерді жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық бюджетке берілетін кепілдік берілген трансферттің қажетті сомасын айқындайды;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне айлар бойынша соманы көрсете отырып, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық бюджетке кепілдік берілген трансфертті аудару туралы тиісті өтінім жібереді;

3) қажетті сома Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ағымдағы қаржы жылының басындағы активтерінің үштен бір бөлігінен асып түскен жағдайда бюджеттік даму бағдарламаларын (кіші бағдарламаларын) асып түсу сомасына тең мөлшерде бюджет қаражатымен қамтамасыз етеді.";

108-бап. Бюджетті атқару мониторингі

1. Бюджетті атқару мониторингін бюджетті атқару жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері қаржыландыру жоспарларының жылдық сомаларының ай бойынша бөлінуін, қаржыландыру жоспарларына бюджеттік бағдарламалар әкімшілері енгізетін өзгерістердің негізділігін талдау және бағалау, қаржыландыру жоспарларының орындалмау себептерін анықтау, бюджеттік бағдарламалардың орындалуы туралы есеп жасау арқылы жүзеге асырады.

2. Бюджетті атқару мониторингінің барысында бюджетті атқару жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметіне және әкімдіктерге - бюджеттің уақтылы және тиімді атқарылуы себептерін көрсете отырып және тиісті бюджетті одан әрі атқару жөніндегі ұстанымдар туралы ұсынымдармен бюджеттің атқарылуы туралы ақпаратты;

2) республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне бюджеттің атқарылуы бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарларынан кешеуілдеп жүріп жатқан бюджеттік бағдарламалар жөніндегі ақпаратты;

3) тиісті бюджет комиссияларына ағымдағы, сол сияқты алдағы жоспарланып

отырған қаржы жылында жекелеген бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша жылдық жоспарлы мақсаттарды қайта қарау қажеттігі туралы ақпаратты;

4) алдағы қаржы жылына арналған бюджетті жоспарлау кезінде есепке алу үшін бюджет комиссияларының жұмыс органдарына жібереді.

3. Мемлекеттік мекеменің өткен жылдардағы дебиторлық берешегінің сомасы азаматтық-құқықтық мәміле шарттарында көзделген тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) жеткізу арқылы өтеуге, не шартқа (бекітілген келісімге) сәйкес тиісті бюджеттің кірісіне қайтарылуға тиіс.

4. Бюджеттік және экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдар бюджеттің атқарылуын талдау негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне немесе жергілікті атқарушы органға бюджетті нақтылау (түзету) туралы ұсыныс беруге қ ұ қ ы л ы .

5. Мемлекеттік мекемелер бюджеттік бағдарламаның жоспарланған іс-шараларын тиісті тауарлардың (жұмыстың, қызметтердің) нақты бағасының болжамды бағаларға қарағанда төмендеуі әсерінен аз көлемдегі бюджет қаражатына орындаған жағдайда, пайдаланылмаған жоспарлы сомалардың қалдығы мақсаттарға табысты қол жеткізу және бюджеттік бағдарламаның міндеттері мен іс-шаралары тізбесін кеңейту үшін қажетті қосымша іс-шараларды орындауға жіберілуі мүмкін.

Осы мақсаттарда бюджеттік бағдарламаның паспортына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі, бұларды тиісті негіздемелерімен және есептерімен бірге б ю д ж е т к о м и с с и я с ы қ а р а й д ы .

Бұл ретте, бюджет комиссиясы осы Кодекске сәйкес бюджеттік жоспарлау және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органдар табыс ететін тиісті бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша тиісті бюджеттік бағдарламаларды іске асыру тиімділігін бағалау және бюджет қаражатын игеру мониторингінің бюджеттік жоспарлау және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдар табыс ететін н ә т и ж е л е р і н қ а р а й д ы .

6. Болжамды бағалармен салыстырғанда тиісті тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) нақты бағалардың төмендеуі жағдайларын қоспағанда, аталған бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша қаржыландыру жоспарларының сомаларын атқармаған жағдайда пайдаланылмаған жоспарлы сомалардың қалдықтары мөлшерінде бюджет қаражатын пайдалану мақсатында бюджеттік бағдарламалар паспорттарына өзгерістер енгізуге р ұ қ с а т е т і л м е й д і .

7. Бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша бюджет қаражатының ағымдағы қаржы жылының 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қалыптасқан қалдықтарын бюджеттен тыс аккредитивтік немесе басқа да шоттарға аударуға рұқсат е т і л м е й д і . " ;

74) 109-бап алып тасталсын;

75) 110-баптың 3-тармағындағы "Осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда,  
" деген сөздер алып тасталсын;

76) 19-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:  
"19-тарау. Республикалық және жергілікті бюджеттерді нақтылау және түзету процесінің негізгі ережелері";

77) 111 - бапта :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"111-бап. Республикалық және жергілікті бюджеттерді нақтылау";  
1, 2 және 3-тармақтардағы "Бюджетті", "бюджетті", "бюджет" деген сөздер " Республикалық және жергілікті бюджеттерді", "республикалық және жергілікті бюджеттерді", "республикалық және жергілікті бюджеттер" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "бюджеттің кірістері" деген сөздер "жоғары тұрған бюджеттен берілетін трансферттерді, пәтерлерді және ауыл шаруашылық мақсаттағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдерді қоспағанда, республикалық және жергілікті бюджеттер кірістері" деген сөздермен ауыстырылсын;

78) 112 - бапта :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"112-бап. Республикалық және жергілікті бюджеттерді нақтылау қағидаттары"

мәтін бойынша "Бюджеттерді", "бюджетті", "бюджет" деген сөздер "Республикалық және жергілікті бюджеттерді", "республикалық және жергілікті бюджеттерді", " республикалық және жергілікті бюджеттер" деген сөздермен ауыстырылсын;

79) 113 - бапта :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Секвестр - бюджет қаражатының шығыстарын белгілі бір шектерде қысқартуды көздейтін арнайы тетік, ол республикалық және жергілікті бюджеттерді атқару кезінде бекітілген республикалық және жергілікті бюджеттерге түсетін түсімдер толық түспейтін, соның нәтижесінде бекітілген бюджеттік бағдарламаларды толық көлемде қаржыландыру мүмкін болмайтын жағдайда енгізіледі.";

5 және 6-тармақтардағы "бюджетті" деген сөз "республикалық және жергілікті бюджеттерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

80) 116-бап мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы және жергілікті бюджеттік бағдарламалардың паспорттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәслихаттың шешімін іске асыру туралы жергілікті атқарушы органның шешімі мәслихаттың көрсетілген шешімін бекіткеннен кейін бес жұмыс күні ішінде қ а б ы л д а н а д ы . " ;



1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бюджеттерді түзету - тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңды немесе тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімін іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның қаулысына Қазақстан Республикасының Парламентінде немесе мәслихатта нақтыламай өзгерістер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ бөлінетін бюджеттік бағдарламаларды Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен немесе жергілікті атқарушы органның шешімімен қаржы жыл ішінде бюджеттік бағдарламалардың әртүрлі әкімшілері арасында бөлу арқылы бюджет көрсеткіштерін өзгерту." ;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Егер түзету жүргізілгеннен кейін бюджетті нақтылау жүргізілген жағдайда бюджеттің түзетілген көрсеткіштері бөлінетін бюджеттік бағдарламаларды бөлуді қоспағанда, нақтыланған бюджетте көрсетіледі." ;

2 - т а р м а қ т а :

1) тармақша "жағдайларда" деген сөзден кейін "және бюджеттің атқарылуын талдау және бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асырудың тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) осы Кодекстің 91-бабының 6-тармағының 1), 2) тармақшаларында көзделген;" ;

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) бюджеттік бағдарламалардың түрлі әкімшілері арасында бюджетте бюджеттік бағдарламалардың бір әкімшісі бойынша бекітілген бюджеттік бағдарламалар қ а р а ж а т ы н б ө л г е н ; " ;

3 - т а р м а қ т а :

1) және 2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1) қаржы жылы ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның резервінен төмен тұрған бюджетке қаражат бөлінген;

"2) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдар және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер құрылған, таратылған, қайта ұйымдастырылған, олардың функциялары өзгерген жағдайларда жол беріледі. Түзету көрсетілген жағдайларға байланысты тиісті бюджеттік бағдарламаларды тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы мәслихат шешімімен бекітілген ( нақтыланған) осы бюджеттік бағдарламалардың жалпы сомасы шегінде қосу, бөлу, б е р у б о л ы п т а б ы л а д ы ; " ;

мынадай мазмұндағы 2-1) және 2-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"2-1) бірыңғай бюджеттік сыныптамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген;

2-2) бюджеттік бағдарламалардың түрлі әкімшілері арасында бюджетте бюджеттік

бағдарламалардың бір әкімшісі бойынша бекітілген бюджеттік бағдарламалар қ а р а ж а т ы н б ө л г е н " ;

3) тармақшадағы "жағдайларда" деген сөзден кейін ";" белгісі қойылып мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Кіші сыныпқа өзгерістер енгізбей ерекшеліктер бойынша республикалық бюджетті түзету жылдық жоспарды орындаған кезде қаржы жылы ішінде, тұтастай кіші сынып бойынша мына жағдайларда:

1) бюджетке түсетін түсімдердің қысқаруын немесе ұлғаюын көздейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің қабылдануы жағдайларын қоспағанда, салық б а з а с ы өз г е р г е н ;

2) салықтық бақылау нәтижелері бойынша жоспарланбаған түсімдер (қайтарымдар) ;

3) нөлдік ставкалар бойынша салық салынатын айналымдар бойынша қосылған құн салығын өтеудің жоспарланбаған сомалары ұсынылған;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де жағдайларда жол б е р і л е д і . " ;

82) 118-бап "жүргізу" деген сөзден кейін "және мемлекеттік мекемелердің материалдық активтерін есепке алу" деген сөздермен толықтырылсын;

8 3 ) 1 2 1 - б а п т а :

1 ) т а р м а қ ш а д а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен мемлекеттік мекемелер қалыптастыратын есептерін:";

төртінші және алтыншы абзацтар алып тасталсын;

2) тармақшадағы бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері қалыптастыратын есептерін:";

төртінші абзац мынадай мазмұндағы абзацпен ауыстырылсын:

"бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру тиімділігін бағалау т у р а л ы е с е п т і " ;

б е с і н ш і а б з а ц а л ы п т а с т а л с ы н ;

3 ) т а р м а қ ш а д а :

екінші абзацтағы "мемлекеттік" деген сөз "шоғырландырылған" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

кейін мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Осы кодекстің 23-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына түсетін түсімдер және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының шоттарына аударымдар туралы есепті;"

төртінші абзац "бюджеттік" деген сөздің алдынан "осы Кодекстің 108-бабына

сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын;  
сегізінші абзац алып тасталсын;  
мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"қолма-қол ақшаның тиісті бақылау шоттарының ахуалы туралы есепті;  
мемлекеттік мекемелердің міндеттемелерді орындау ахуалы туралы есепті.";

84) 123 - бапта :

3 - тармақта :

"орындалмаған" деген сөз "төленбеген" деген сөзбен ауыстырылсын;  
"кассалық атқарылуын" деген сөздер "бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама)  
бойынша төленген міндеттемелерді" деген сөздермен ауыстырылсын.

4-тармақтың 2) тармақшасындағы "тиімділігін бағалауды қоса алғанда, олардың"  
деген сөздер алып тасталсын;

85) 124-баптың 1-тармағы "алғаннан кейін" деген сөздерден кейін "ғана" деген  
сөздермен ауыстырылсын;

86) 125-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жергілікті бюджетті атқару туралы жылдық есеп бекітілген, нақтыланған,  
түзетілген жергілікті бюджетті, жергілікті бюджеттің бюджеттік бағдарламасы (кіші  
бағдарламасы) бойынша тіркелген, төленбеген және төленген міндеттемелерді  
көрсетеді." ;

87) 127-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін атқару туралы жылдық  
есеп бекітілген, нақтыланған, түзетілген ауданның (облыстық маңызы бар қаланың)  
бюджетін, аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің бюджеттік бағдарламасы (кіші  
бағдарламасы) бойынша тіркелген, төленбеген және төленген міндеттемелерді  
көрсетеді." ;

88) 130-баптың 1-тармағындағы "1 сәуірінен" деген сөздер "1 мамырынан" деген  
сөздермен ауыстырылсын;

89) 131-баптағы "мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстар мен  
көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін өз иелігінде қалатын ақшаны" деген сөздер  
алып тасталсын;

90) 132 - бапта :

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) мақсатсыз пайдалану - нәтижесінде бюджеттік бағдарламаның паспортында  
көзделген мақсаттарға қол жеткізілмеген бюджет қаражатын және байланысты  
гранттарды, мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекет активтерін Қазақстан  
Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген мақсаттарға пайдалану;  
"

4) тармақшада :

"негізсіз" деген сөзден кейін "(заңсыз)" деген сөзбен толықтырылсын;

"өз иелігінде қалатын" деген сөздер алып тасталсын;

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) бюджет процесіне қатысушылар, банк жүйесінің субъектілерін қоспағанда, мемлекеттің қатысуымен субъектілер, байланысты гранттарды, мемлекет активтерін, мемлекет кепілдік берген қарыздарды пайдаланатын бюджет қаражатын алушылар, қаржы және заңды тұлғалар мемлекеттік қаржылық бақылау объектілері болып табылады." ;

8) тармақшадағы "өз иелігінде қалатын" деген сөздер алып тасталсын; мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

"10) қаржылық тәртіп бұзушылық - бюджет қаражатын және мемлекет активтерін, байланысты гранттарды пайдалануға байланысты қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілердің ережелерін бұзуға әкеп соғатын құқыққа қайшы әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік).";

91) 28-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"28-тарау. Мемлекеттік қаржылық бақылау";

92) 133-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) тиімділікті бақылау - тексеруді іске асыру мерзімдері және бюджеттік бағдарламаны іске асыру сатысында бюджет қаражатын пайдалану бөлігіндегі бюджеттік бағдарламаны, байланысты гранттарды, мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекет активтерін тиімді іске асыру арқылы нәтижелерге қол жеткізуді және көрсеткіштерді тексеру.

Тиімділікті бақылау тиісті іс-шараларды іске асыру аяқталғаннан кейін жүргізіледі, олардан кейін салынған қаражаттан нәтижелер алу мерзімі басталады.";

93) 134 - бапта :

"жаппай әдіспен" деген сөздер алып тасталсын;

1) тармақша "қызметін" деген сөзден кейін "барлық мәселелер бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

94) 136 - бапта :

1) тармақша "актілері" деген сөзден кейін "және (немесе) аудиторлық есептер" деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақша "бақылау нәтижелері бойынша" деген сөздер ", сондай-ақ Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылайтын есеп комитеті қабылдаған шешімдер бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

95) 138 - бапта :

3 - тармақта :

2) тармақша "бюджет қаражатының" деген сөздерден кейін "байланысты гранттардың, мемлекет кепілдік берген қарыздардың, мемлекет активтерінің" деген сөздермен толықтырылсын;

5) тармақша "қаражаттарын" деген сөзден кейін ", байланысты гранттарды,

мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекет активтерін" деген сөздермен толықтырылсын;

13) тармақша "атқарылу" деген сөзден кейін "және мемлекеттік мекемелердің активтерін пайдалану" деген сөздермен толықтырылсын;

17) тармақша да :

"уәкілетті органнан" деген сөздерден кейін "бақылау объектісіне қатысты ақпаратты иеленген басқа да ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен" деген сөздермен толықтырылсын;

"бюджет қаражаттарының" деген сөздерден кейін "байланысты гранттардың, мемлекеттік мекемелер активтерінің, сондай-ақ салық құпиясын құрайтындарының" деген сөздермен толықтырылсын;

19) тармақша "атқарылуы" деген сөзден кейін "және мемлекет активтерін пайдалану" деген сөздермен толықтырылсын;

20) тармақша "республикалық бюджеттің" деген сөздерден кейін ", байланысты гранттардың, мемлекеттік мекемелер активтерінің" деген сөздермен толықтырылсын;

21) тармақша "бюджет қаражатының" деген сөздерден кейін ", байланысты гранттардың, мемлекеттік мекемелер активтерінің" деген сөздермен толықтырылсын;

22) тармақша да :

"танысады" деген сөзден кейін "және алады" деген сөздермен толықтырылсын;  
"гранттарды" деген сөзден кейін ", мемлекеттік мекемелердің активтерін" деген сөздермен толықтырылсын;

23) тармақша да :

"республикалық бюджеттің атқарылуына" деген сөздерден кейін ", байланысты гранттардың, мемлекет кепілдік берген қарыздардың, мемлекет активтерінің пайдаланылуына" деген сөздермен толықтырылсын;

"мемлекеттік органдардың тиісті мамандарын" деген сөздер "тиісті мемлекеттік органдарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 23-1) тармақшамен толықтырылсын:

"23-1) бақылау объектісінен бақылау қорытындысын растайтын және белгіленген заңнамалық тәртіппен құжаттауға және сақталуға тиіс тиісті материалдарды алады;"

96) 145-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Мемлекеттік қаржылық бақылау объектілері лауазымды тұлғаларының Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілігі олардың түрлеріне қарай, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленеді.";

97) мынадай мазмұндағы 145-1 - 145-2- баптармен толықтырылсын:

"145-1-бап. Қаржылық тәртіп бұзушылықтардың түрлері

Қаржылық тәртіп бұзушылықтарға тәртіп бұзушылықтардың мынадай түрлері жатады :

1) республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражатын, байланысты

гранттарды, мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекет активтерін мақсатсыз п а й д а л а н у ;

2) республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражатын, байланысты гранттарды, мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекет активтерін негізсіз ( з а ң с ы з ) п а й д а л а н у ;

3) республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражатын, байланысты гранттарды, мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекет активтерін тиімсіз п а й д а л а н у ;

4) бюджетке түсетін түсімдерді уақтылы, толық есепке алмау, аудармау;

5) бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) іс-шараларын уақтылы іске а с ы р м а у ;

6) бюджет қаражатын нәтижесіз пайдалану;

7) бюджеттік есепке алу мен есептілікті бұзу;

8) бюджеттік кредиттер, мемлекеттік кепілдіктер мен мемлекеттің кепілдемелерін беру шарттары мен рәсімдерін бұзу.

145-2-бап. Бақылау іс-шараларының нәтижелері туралы есептілік

1. Мемлекеттік қаржылық бақылаудың нәтижелері туралы бірыңғай есептіліктің құрылымы осы Кодекстің 145-1-бабында көрсетілген анықталған қаржылық бұзушылықтардың түрлеріне сәйкес қалыптастырылады.

2. Бірнеше мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының есептілігінде қаржылық тәртіп бұзушылықтардың белгілі бір түрін көрсетуге жол берілмейді.

Осы мақсаттарда мемлекеттік қаржылық бақылау органдары жүргізген сыртқы және ішкі бақылау нәтижелері бірыңғай ақпараттық жүйеге есепке алынады.

3. Статистика жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісілген есептілік нысандарын Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылайтын есеп комитеті және ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті орган бекітеді.

4. Мемлекеттік қаржылық бақылау объектісінің белгіленген тәртіппен қаралмаған қарсылықтары бар бақылау материалдары есептілікке қосуға жіберілмейді.";

98) 147-баптың 1-тармағындағы "капиталын қалыптастыруға және ұлғайтуға" деген сөздер "капиталына" деген сөзбен ауыстырылсын;

99) 148 - б а п т а :

2-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) жоспарлау үш кезеңде жүзеге а с ы р ы л а д ы :

1) Инвестициялық сипаттағы іс-шараларды мемлекеттік, салалық (секторалдық) және өңірлік бағдарламаларды әзірлеу сатысында әзірлеу;

2) бюджеттік бағдарламалар тізбесінің құрамында бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбесін қалыптастыру және бекіту;

3) басым бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбесін

бюджетті әзірлеу сатысында қалыптастыру және бекіту.;"

3-тармақтағы "капиталын қалыптастыруға және ұлғайтуға" деген сөздер "капиталына" деген сөзбен ауыстырылсын;

100) 149, 150-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"149-бап. Инвестициялық сипаттағы іс-шараларды әзірлеу

1. Инвестициялық сипаттағы іс-шаралар мемлекеттік, салалық (секторалдық) және өңірлік бағдарламалардың тізбесіне кіреді.

2. Инвестициялық сипаттағы іс-шараларды әзірлеу мемлекеттік, салалық (секторалдық) және өңірлік бағдарламаларды әзірлеу және келісу сатысында жүзеге асырылады.

3. Инвестициялық сипаттағы іс-шаралар салалық сараптамадан өтуі тиіс.

4. Салалық уәкілетті органдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес: саланың одан әрі дамуына ықпал ететін саланың ағымдағы жай-күйі проблемаларын анықтауды;

жоба мақсаттарының республиканың немесе өңірдің стратегиялық, орта мерзімді және даму бағдарламалары мен жоспарларына сәйкес саланың даму басымдықтарына және саладағы қазіргі проблемалардың шешілуіне сәйкестігін;

жобаның мақсаттарына қол жеткізудің баламалы нұсқаларын;

жобаны іске асырған және іске асырмаған жағдайларда саладағы жағдайды;

жобаны іске асырудан түсетін пайданы бөлуді бағалау жөніндегі ұсынылатын шешімдердің негізділігі мен тиімділігі үшін жауапты болады.

5. Инвестициялық сипаттағы іс-шараларды әзірлеу тәртібін мемлекеттік, салалық (секторалдық) және өңірлік бағдарламаларды әзірлеу тәртібі құрамында Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.;"

150-бап. Бюджеттік инвестициялық жобалардың

(бағдарламалардың) тізбесін қалыптастыру тәртібі

1. Бекітілген мемлекеттік, салалық (секторалдық) және өңірлік бағдарламалар; бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) техника-экономикалық негіздемелерінің болуы;

бюджеттік инвестициялық жобаның (бағдарламаның) техника-экономикалық негіздемелерінің экономикалық сараптамаларының оң қорытындысы;

бюджет комиссиясының шешімдері үшін негіз болып табылады.

2. Бюджеттік инвестициялық жобаның (бағдарламаның) техника-экономикалық негіздемесі шығындар мен пайданы экономикалық талдау негізінде жүргізілетін бюджеттік инвестициялық жобаның (бағдарламаның) жүзеге асырылуы мен тиімділігін зерттеу нәтижелерін қамтиды.

3. Бюджеттік инвестициялық жобаның (бағдарламаның) техника-экономикалық негіздемелерін әзірлеуге қойылатын талаптар экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

4. Бюджеттік инвестициялық жобаның (бағдарламаның) техника-экономикалық негіздемелерін әзірлеу, егер жоба бекітілген мемлекеттік, салалық (секторалдық) және өңірлік бағдарламаларда және бюджет комиссиясының шешімі негізінде көзделген болса, онда оны әзірлеуге экономикалық жоспарлау жөніндегі тиісінше орталық немесе жергілікті уәкілетті органдардың бөлінетін бюджеттік бағдарламалары шеңберінде ақша бөлінетін жағдайда жүзеге асырылады.

5. Бюджеттік инвестициялық жобаның (бағдарламаның) белгіленген техника-экономикалық көрсеткіштерін растау үшін бюджеттік инвестициялық жобаның (бағдарламаның) техника-экономикалық негіздемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген экономикалық және басқа да с а р а п т а м а л а р ғ а ж а т а д ы .

6. Бюджеттік инвестициялық жобаның (бағдарламаның) экономикалық сараптамасы салалық сараптама, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қажетті басқа да сараптамалар қорытындылары негізінде жүргізіледі және оның техника-экономикалық негіздемесін әзірлеу шеңберінде жүргізілген бюджеттік инвестициялық жобаны (бағдарламаны) экономикалық талдауды кешенді бағалаудың міндетті нысаны болып т а б ы л а д ы .

7. Басқа мемлекеттердің аумағында іске асыруға жоспарланып отырған, сондай-ақ құрылыс қызметін көздемейтін бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) экономикалық сараптамасы техника-экономикалық негіздеменің және оған салалық орган сараптамасының негізінде жүргізіледі.

8. Республикалық бюджеттен нысаналы даму трансферттер мен кредит беру есебінен қаржыландыруға жоспарланып отырған республикалық бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың), сондай-ақ жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) экономикалық сараптамасын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлға жүзеге асырады.

9. Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) экономикалық сараптамасын жергілікті атқарушы органдар айқындайтын заңды т ұ л ғ а л а р жү з е г е а с ы р а д ы .

10. Бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) экономикалық сараптамасын жүзеге асыру үшін айқындалған заңды тұлға Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес бюджеттік инвестициялық жобаны (бағдарламаны) іске асыру жөніндегі ұсынылатын шешімдердің негізділігі мен тиімділігі, сондай-ақ экономикалық сараптаманың қорытындысында бюджеттік инвестициялық жобаны (бағдарламаны) іске асыруға теріс әсер еткен тәуекелдерді бағалау болмаған жағдайда және оның мақсаттарына қол жеткізу үшін жауапты болады.

11. Экономикалық сараптаманы жүзеге асыру үшін айқындалған заңды тұлғалар қажет болған жағдайда жүргізілген сараптамаларда қамтылмаған немесе толық қамтылмаған мәселелер бойынша қосымша сараптама, сондай-ақ тәуелсіз сараптама



жүргізуді талап етуге құқылы.

12. Экономикалық сараптаманың нәтижелері бойынша бюджеттік инвестициялық жобаның (бағдарламаның) техника-экономикалық негіздемесін бюджеттік бағдарламаның әкімшісі бекітеді.

13. Тиісті мемлекеттік, салалық (секторалдық) және өңірлік бағдарламалар шеңберінде мақұлданған құрылысы үлгі жобалар, үлгі жобалық шешімдер және қайта қолдану жобалары бойынша көзделіп отырған техникалық жағынан күрделі емес болып табылатын жобалар бойынша техника-экономикалық негіздеме әзірлеу талап етілмейді.

14. Техника-экономикалық негіздеме әзірлеу талап етілмейтін жобалардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

15. Бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбесі техника-экономикалық негіздемені әзірлеуді, оған жасалған экономикалық сараптаманың оң қорытындысын талап етпейтін жобаларды қоспағанда, бекітілген мемлекеттік, салалық (секторалдық) және өңірлік бағдарламалар негізінде және бекітілген техника-экономикалық негіздемелері болған кезде қалыптастырылады.

101) 151-бап алып тасталсын;

102) 152-бапта:

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Бірыңғай техникалық көрсеткіштері бар инвестициялық жобалар (бағдарламалар) бойынша үлгі жоба әзірлеу жүзеге асырылады.

Үлгі жобаларды әзірлеуді және оларға сараптама жүргізуді қаржыландыру құрылыс ісі жөніндегі уәкілетті органның тиісті бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыру кезінде үлгі жобаларды қолдану құрылыстың нақты алаңына бекітіп беру жолымен жүзеге асырылады." ;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Басымды бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбесіне қосылмаған бюджеттік инвестициялық жобалар (бағдарламалар) бойынша жобалау-сметалық құжаттама әзірлеуге рұқсат етілмейді.";

103) 153-бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"153-бап. Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу арқылы бюджеттік инвестицияларды жоспарлау және жүзеге асыру";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу арқылы бюджеттік инвестицияларды жоспарлау әлеуметтік-экономикалық дамудың орта мерзімді

жоспарын әзірлеу кезінде мемлекеттік, салалық (секторалдық) және өңірлік бағдарламалар шеңберінде жүзеге асырылады.";

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу арқылы іске асыруға жоспарланып отырған бюджеттік инвестицияларды дайындау және іріктеу мемлекеттік, салалық (секторалдық) бағдарламаларды әзірлеу және келісу сатысында жүзеге асырылады." ;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу арқылы іске асыруға жоспарланып отырған бюджеттік инвестицияларды іріктеу экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның бюджеттік инвестициялардың қаржылық-экономикалық негіздемесі жөніндегі сараптамасының қорытындысы негізінде жүзеге асырылады. Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу арқылы іске асыруға жоспарланып отырған бюджеттік инвестициялардың қаржылық-экономикалық негіздемесі заңды тұлғалардың жарғылық капиталына бюджет қаражатын салу орындылығының негіздемесі мен тиімділігін бағалауды қамтитын құжатты білдіреді.";

3 - т а р м а қ т а :

"капиталын қалыптастыру мен ұлғайтуға" деген сөздер "капиталына" деген сөзбен ауыстырылсын ;

екінші сөйлемдегі "Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру мен ұлғайтуға қатысу арқылы жүзеге асырылатын бюджеттік" деген сөздер "Бюджеттік" деген сөзбен ауыстырылсын ;

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу арқылы іске асыруға жоспарланып отырған іріктелген бюджеттік инвестициялар бюджет комиссиясының шешімі негізінде тиісті үш жылдық кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық дамудың орта мерзімді жоспарына қосылады.";

4-тармақтағы "капиталын қалыптастыру мен ұлғайтуға" деген сөздер "капиталына" деген сөзбен ауыстырылсын ;

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Бюджет қаражатын заңды тұлғалардың берешегін және мемлекеттік, салалық (секторалдық) және өңірлік бағдарламаларда айқындалған міндеттерді орындауға байланысты емес ағымдағы шығыстарын жабу мақсатында олардың жарғылық капиталын ұлғайтуға бөлуге рұқсат етілмейді.";

1 0 4 ) 1 5 5 - б а п т а :

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Бюджеттік инвестициялардың тиімділігін бағалау жөніндегі ақпаратты экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мерзімде тиісінше Қазақстан

Республикасының Үкіметіне және тиісті әкімдікке табыс етеді.";

8-тармақтағы "капиталын қалыптастыру мен ұлғайтуға" деген сөздер "капиталына" деген сөзбен ауыстырылсын;

105) 157-баптың 1) тармақшасы "немесе" деген сөзден кейін "байланысты грантты іске асыруға бағытталған тиісті бюджеттік бағдарламаның шеңберінде" деген сөздермен толықтырылсын;

106) 159-баптың 5-тармағындағы "грантты беру" деген сөздер "грант" деген сөзбен ауыстырылсын;

107) 163-баптың 4-тармағының 3) тармақшасы алып тасталсын;  
108) 171 - бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы 3-1) және 3-2) тармақшаларымен толықтырылсын:

"3-1) бюджеттік инвестициялық жобаларды қаржыландырудың мониторингін жүргізу және іске асыру;

3-2) қарыз алушылардың қаржылық жай-күйінің мониторингін жүргізу;"

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Сенім білдірілген өкілді (агентті) кредитордың (сенімгердің) келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен бюджеттік бағдарламаның әкімшісі айқындайды.";

5-тармақтағы "Кредитор (сенімгер)" деген сөздер "Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі" деген сөздермен ауыстырылсын;

109) 175-баптың 1-тармағында:

екінші бөліктегі "Тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі" деген сөздерден кейін "мен жергілікті атқарушы орган" деген сөздермен толықтырылсын;

"республикалық бюджеттен" деген сөздер алып тасталсын;

110) 176-баптың 4-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Табыстылықтың орта өлшемді ставкасы - бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган шығарған мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша сыйақының орта өлшемді ставкасы .

Бюджеттік кредиттер бойынша сыйақы ставкасы жергілікті атқарушы органдарға, қаржы агенттіктеріне бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар ставкасын қоспағанда, бюджеттік кредиттің тиісті мерзіміне сәйкес келетін айналым мерзімімен мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша табыстылықтың орта өлшемді ставкасынан төмен белгіленбейді .

111) 182-баптың екінші бөлігі "Қазақстан Республикасының заңдарына" деген сөздерден кейін "және кредит шартының талаптарына" деген сөздермен толықтырылсын ;

112) 184 - бапта:

4-тармақтағы "заңдарында белгіленген" деген сөздер "Үкіметі айқындайтын" деген сөздермен ауыстырылсын ;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Бюджеттік кредит бойынша жергілікті атқарушы органда берешек болған немесе ол бюджеттік кредиттің нысаналы мақсатына пайдаланылмаған жағдайда кредитор жергілікті бюджеттің қолма-қол ақша бақылау шотынан берешек сомаларын немесе нысаналы мақсатына пайдаланылмаған соманы жергілікті бюджеттердің бюджет қаражаты қалдықтарының шегінде осы Кодекске сәйкес ағымдағы қаржы жылына арналған тиісті жергілікті бюджеттерді кейіннен нақтылауымен Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен жібереді.";

113) 41-тараудың атауы "талаптарының" деген сөзден кейін "және кепілдіктің" деген сөздермен толықтырылсын;

1 1 4 ) 1 8 8 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Бюджеттік кредитті өтеу жөніндегі кредитор талаптарының және кепілдіктің тоқтатылуы";

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Кредитордың мемлекеттік білім беру және студенттік кредиттер бойынша талаптары қарыз алушы қайтыс болған не оны қайтыс болды деп жариялаған жағдайда тоқтатылады";

2-тармақтың 1) тармақшасындағы "тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңның негізінде" деген сөздер "жыл сайын берешек тізбесі мен көлемін айқындайтын ҚР Үкіметінің шешімі негізінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жойылған қарыз алушыларға кредитордың бюджеттік кредитті өтеу жөніндегі талаптары тоқтатылған жағдайда, бір мезгілде тиісті бюджеттік кредиттер бойынша кепілдіктер де тоқтатылады.";

1 1 5 ) 1 9 0 - б а п т а :

2 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 5, 6 және 7-тармақтармен толықтырылсын:

"5. Бюджеттік кредиттерді тиімді пайдалануды бағалау үшін деректер экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдарға бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен және құрамда табыс етеді.

6. Экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар ұсынылған деректер негізінде бюджеттік кредиттерді пайдалану тиімділігін бағалау бойынша есептер қалыптастырады.

7. Бюджеттік кредиттерді пайдалану тиімділігін бағалау бойынша есептер экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті атқарушы органдарға және орталық уәкілетті органға

жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 1 наурызына дейін табыс етеді.";

116) 11-бөлімінің тақырыбы ", мемлекет кепілдемесі" деген сөздермен толықтырылсын;

117) 43-тараудың тақырыбы "борыш" деген сөзден кейін ", мемлекет кепілдемесі" деген сөздермен толықтырылсын;

118) 191 - бапта:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) банк кепілдігі - қарыз алушы мемлекеттік кепілді беру туралы келісімде белгіленген тәртіпте және мерзімде қарыз шарты бойынша өзінен алынуға тиесілі соманы қамтамасыз етпеген жағдайда бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның алдындағы мемлекет кепілдік берген қарызды өтеу жөніндегі банктің міндеттемесі";

мынадай мазмұндағы 10-1), 10-2) және 10-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"10-1) сақтандыру шарты - қарыз алушы қарыз шарты бойынша өзінен алынуға тиесілі соманы төлемеген жағдайда қарыз берушінің алдындағы мемлекет кепілдемесімен қамтамасыз етілген қарыз бойынша берешекті өтейтін сақтандыру ұйымының міндеттемесін көздейтін шарт;

10-2) мемлекет кепілдемелері бойынша борыш - мемлекет кепілдемесімен тартылған және мемлекетке берілетін концессия объектісінің құнынан аспайтын, белгілі бір күнге алынған және өтелмеген қарыздар сомаларының сомасы;

10-3) мемлекет кепілдемесімен тартылатын қарыз - инфрақұрылымдық облигациялар шығару арқылы жүзеге асырылатын мемлекеттік емес қарыз.";

11) тармақша "немесе инфрақұрылымдық облигациялар ұстаушыларының өкілі" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 13-1) тармақшамен толықтырылсын:

"13-1) мемлекет кепілдемелерін беру лимиті - тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен бекітілетін, оның шегінде мемлекет кепілдемелері берілуі мүмкін тіркелген сома;

119) 192-баптың 3-тармағының төртінші бөлігі алып тасталсын;

120) 194-баптың 1-тармағы "актілеріне сәйкес" деген сөздерден кейін "өзара талаптарды есепке алмағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

121) 202-баптың 1 және 2-тармақтарындағы ", сондай-ақ кассалық алшақтықты жабуға" деген сөздер алып тасталсын;

122) 207-баптың 2-тармағындағы "208" деген сандар "213" деген сандармен ауыстырылсын;

123) 208-баптың 1-тармағында:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Банктің кепілдігі, не алдағы қаржы жылында негізгі борыш бойынша төлемдерді жабатын қарыздарды қайтаруды қамтамасыз ету, сыйақы беру, комиссия және өзге де төлемдер жөніндегі сақтандыру келісімі болуы тиіс";

8) тармақшадағы "мемлекеттік кепілдікпен бұрын алынған мемлекеттік емес қарыздарды" деген сөздер "мемлекет кепілдік берген бұрын алынған қарыздарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

124) 210-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі "қарыз беруші" деген сөздерден кейін "(облигациялар ұстаушылардың өкілдері)" деген сөздермен толықтырылсын;

"қарыз берушінің" деген сөз алып тасталсын;

1 2 5 ) 2 1 1 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

3) тармақшадағы "қарыз шартының тараптары және" деген сөздер алып тасталсын;

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) кепілдік (мемлекет кепілдемесі) шартына, кепілдік берілген міндеттемеге қол қойған лауазымды адам көрсетіледі.";

126) 217-баптағы "шартында" деген сөз "талаптарында" деген сөзбен ауыстырылсын;

127) 218-баптың екінші бөлігіндегі "және кепілдік берген банк" деген сөздер алып тасталсын;

128) 219-баптағы "немесе мемлекет кепілдік берген қарыз бойынша қарыз берушінің алдындағы міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға" деген сөздер алып тасталсын;

129) мынадай мазмұндағы 46-1-тараумен толықтырылсын:

"46-1-тарау. МЕМЛЕКЕТ КЕПІЛДЕМЕСІ

218-1-бап. Мемлекет кепілдемесі

1. Қазақстан Республикасының кепілдемесі (бұдан әрі - мемлекет кепілдемесі) - қарыз алушының концессиялық келісім шеңберінде өзіне тиесілі және қарыз беруші борышкерден берешекті өндіріп алу жөніндегі түпкілікті шаралар қабылдағаннан кейін мемлекетке берілетін концессия объектісінің құнынан аспайтын соманы төлемеген жағдайда қарыз беруші алдындағы қарыз алушының толықтай және ішінара борышын өтеуге Қазақстан Республикасы Үкіметінің міндеттемесі.

Мемлекетке берілетін концессия нысанының құны Қазақстан Республикасы Үкіметі белгіленген тәртіппен айқындалады.

2. Қарыз беруші мемлекетке берілетін концессия құнынан аспайтын сомаға, мемлекет кепілдемесімен тартылатын қарыздар бойынша міндеттемелерді қарыз алушының орындауын қамтамасыз ету ретінде мемлекет кепілдемесін береді.

3. Мемлекет кепілдемесімен тартылатын қарыздар бойынша Қазақстан Республикасы атынан мемлекет кепілдемесін берудің ерекше құқығына Қазақстан Республикасының Үкіметі ие.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасы бойынша, Бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын шарттар мен тәртіпте мемлекет кепілдемесін беруді жүзеге асырады.

218-2-бап. Мемлекет кепілдемесін беруді шектеу

1. Мемлекет кепілдемесі республикалық бюджет туралы заңда белгіленген лимит шегінде тиісті қаржы жылына беріледі.

2. Мемлекет кепілдемесімен тартылатын қарыз қаражаты концессия объектілерін құруға ғана пайдаланылады.

3. Тартылған қарыздарды қайта қаржыландыру ретінде, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың қарыздарын қайтаруды қамтамасыз ету ретінде тартылатын қарыздар бойынша мемлекет кепілдемесі берілмейді.

4. Мемлекет кепілдемесін беру лимитінің көлемі осы лимит белгіленген тиісті қаржы жылы шеңберінде ғана пайдаланылуы мүмкін.

218-3-бап. Мемлекет кепілдемесін беру шарттары

1. Мемлекет кепілдемесі Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының негізінде беріледі.

2. Мемлекет кепілдемесін беру осы Кодекстің 218-9-бабына сәйкес қарыз алушының концессия объектісін мемлекетке беру міндеттілігі шарттарында жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік емес қарыз бойынша мемлекет кепілдемесі берілгені үшін жарғылық капиталына мемлекет 100 пайыз қатысатын, құрылған заңды тұлғалар үшін мемлекет кепілдемесі мөлшерінен 0,2 пайыз мөлшерінде және басқа заңды тұлғалар үшін мемлекет кепілдемесінің сомасынан 2 пайыз мөлшерінде алдын-ала біржолғы төлем (алым) қарыз алушыдан өндіріліп алынады.

4. Мемлекет кепілдемесін беру мемлекет кепілдемесімен тартылатын қарыздың қайтарылуын қамтамасыз ету жөніндегі сақтандыру шартын рәсімдеген соң және ұсынған соң жүзеге асырылады.

218-4-бап. Мемлекет кепілдемесін алуға үміткер тұлғаларға қойылатын талаптар

1. Қарыз алушы болатын заңды тұлғалардың қарыздары бойынша мемлекет кепілдемесін алуға үміткер заңды тұлғаларға мынадай талаптар қойылады:

1) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының резиденті болуы ;

2) келесі қаржы жылында төлемдерді жабатын мемлекет кепілдемесімен тартылатын қарыздың қайтарылуын қамтамасыз ету жөніндегі сақтандыру шартының болуы. Сақтандыру шарты қарыз берушіге жыл сайын келесі сақтандыру шартының мерзімі аяқталғанға дейінгі бір айдан кеш емес уақытта берілуі;

3) салалық уәкілетті органның оң қорытындысының болуы;

4) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның оң қорытындысының болуы ;

5) экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның оң қорытындысының болуы ;

6) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның оң қорытындысының болуы;

7) бұрын алған мемлекет кепілдемесін өтеу және қызмет көрсету бойынша берешегі әлде төлеу мерзімі басталған қарыздардың мемлекеттік кепілдемелері, сондай-ақ кредиторлар алдында басқа да мерзімі өткен берешегі болмауы тиіс.

2. Мемлекет кепілдемесін алуға үміткер тұлғаларға мемлекеттік емес қарыз бен инвестициялық жобаның тәуекелі шарттарына байланысты қойылатын қосымша талаптар Қазақстан Республикасының Үкіметімен белгіленуі мүмкін.

218-5-бап. Мемлекет кепілдемесін беру үшін инвестициялық жобаларды таңдау

Мемлекет кепілдемесін беру үшін инвестициялық жобаларды таңдау Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен Экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органымен жүргізіледі.

218-6-бап. Мемлекет кепілдемесінің нысаны

1. Мемлекет кепілдемесі бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мен қарыз беруші арасында кепілдеме шартын жазбаша нысанда жасасу тәсілімен беріледі.

Осы баптың және осы Кодекстің 218-7-бабының талаптарына сәйкес келетін құжат қана мемлекет кепілдемесімен танылуы мүмкін. Мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды тұлғаларының ешқандай кесімдерінде және басқа құжаттарында мемлекет кепілдемесінің заңды күші жоқ.

2. Кепілдеме шартына бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның бірінші басшысы қол қояды.

218-7-бап. Мемлекет кепілдемесінің мазмұны

1. Мемлекет кепілдемесінің шартында мыналар көрсетіледі:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының деректемелері, осыған сәйкес мемлекет кепілдемесі беріледі;

2) қарыз алушы мен қарыз берушінің атауы мен орналасқан жері;

3) қарыз алушының негізгі міндетінің мазмұны;

4) берілетін мемлекет кепілдемесінің сомасы;

5) мемлекет кепілдемесінің қолданылу мерзімі;

6) кепілдеме шартына қол қойған лауазымды тұлға.

Кепілдеме шартында осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген талап болмағанда не оған қол қоюда осы Кодекстің 218-6-бабы 2-тармағын бұзу мемлекет кепілдемесі жарамсыз деп танылады.

218-8-бап. Мемлекет кепілдемелері және мемлекет кепілдемесімен қарыздарды беруді есепке алу

Берілетін мемлекет кепілдемелері және мемлекет кепілдемесімен қарыздар Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіппен бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда тіркелуі мен есепке алынуы тиіс.



Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіппен мемлекет кепілдемесі бойынша борыш мониторингін жүзеге асырады.

218-9-бап. Мемлекет кепілдемесінің орындалуы

Мемлекет кепілдемесі мынадай жағдайларда:  
қарыз беруші борышкерден берешекті өндіріп алу жөніндегі барлық орынды  
ш а р л а р д ы қ о л д а н ғ а н с о ң ,

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қарыз алушы банкрот болып  
танылғанда немесе оны таратқанда орындалуы тиіс.

Тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда көзделген қаражат  
шегінде мемлекет кепілдемесін орындау бойынша талаптар қойылған күннен бастап он  
сегіз айдың ішінде мемлекет кепілдемесін орындау жүзеге асырылады.

Мемлекет кепілдемесі бойынша міндеттемелерді орындауға бөлінген қаражат  
мемлекетке концессия объектісін беру жолымен республикалық бюджетке қайтарылуы  
тиіс.

218-10-бап. Мемлекет кепілдемесі әрекетінің  
тоқтатылуының негіздері

Мемлекет кепілдемесі қарыз алушы немесе кепілдеме беруші мемлекет  
кепілдемесімен қамтамасыз етілген қарыз бойынша міндеттемелерді толық  
орындағаннан кейін өзінің әрекетін тоқтатады.

218-11-бап. Мемлекет кепілдемесімен тартылатын қарыз  
қаражатын пайдалануды шектеу

Қарыз шартында көзделмеген мақсаттарға, мемлекеттік органдарды кредиттеуге  
мемлекет кепілдемесімен тартылатын қарыз қаражатын пайдалануға тыйым салынады.

218-12-бап. Мемлекет кепілдемесімен тартылатын қарыз қаражатын  
пайдалануды бақылау және оның жауапкершілігі

Мемлекет кепілдемесімен тартылатын қарыз қаражатының пайдаланылуына  
Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен бақылау жүзеге асырылады.

Қарыз алушы алынған қаражатты мақсатсыз пайдалануға және қарыз бойынша  
борыштық міндеттемелерді орындамаған жағдайда мемлекет кепілдемесі бойынша  
міндеттемелерді орындауға оқшауландырылған қаражатты қайтаруға Қазақстан  
Республикасының заңдарында көзделген мемлекет кепілдемесімен тартылатын қарыз  
б о й ы н ш а ж а у а п т ы л ы қ т а б о л а д ы . "

4. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы  
Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің  
Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 23-құжат; N 12, 88-құжат; N 15-16, 100-құжат; N 23, 141-  
құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N  
11-12, 262-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 13-14, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998  
ж., N 11-12, 176-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 22, 408-

құжат; 2001 ж., N 8; 52-құжат; N 10, 123-құжат; 2003 ж., N 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., N 11-12, 66-құжат; N 16, 91-құжат; N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 14, 55-құжат; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 4, 24-құжат):

1 ) 8 - б а п т а :

з) тармақшадағы "банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың өздері пайдаланатын автоматтандырылған жүйелер мен банк ақпаратын қорғаудың сенімді, қауіпсіз болуын қамтамасыз ету жөніндегі ең төменгі талаптарын белгілейді" деген сөздер "банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың төлем жүйелеріне қол жетімділігін қамтамасыз ететін ұйымдық шараларға және бағдарламалық-техникалық құралдарға қойылатын талаптарды белгілейді" деген сөздермен ауыстырылсын;

к) тармақша "жүзеге асырады" деген сөздерден кейін ", қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын есепке ала отырып, Қазақстан Ұлттық Банктің бухгалтерлік есепке алу саясаты мен әдісін айқындайды" деген сөздермен толықтырылсын;

к-1) тармақшадағы "операцияларды автоматтандыру жүйелері" деген сөздер "бухгалтерлік есепке алуды жүргізуді автоматтандыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

к-2) тармақшадағы "операцияларды автоматтандыру" деген сөздер "бухгалтерлік есепке алуды жүргізуді автоматтандыратын" деген сөздермен ауыстырылсын;

л-1) тармақшадағы "статистикалық есеп беру тізбесін, нысандарын, мерзімдерін белгілейді" деген сөздер "төлем теңгерімі, сыртқы борыш, ақша-кредит және қаржы статистикасы жөнінде статистикалық есеп беру тізбесін, нысандарын, мерзімдерін белгілейді және оны жинақтауды жүзеге асырады;" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы н-1) тармақшамен толықтырылсын:

"н-1) Қазақстан Ұлттық банкінің консультативтік-кеңесші органдарын құруға қ ұ қ ы л ы ; "

р) тармақшадағы "мемлекеттік кепілдіктері жоқ мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша шарттардың мониторингін" деген сөздер "мемлекеттік кепілдіктері жоқ мемлекеттік емес сыртқы қарыздар бойынша шарттардың мониторингін және Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын резидент еместердің валюталық операцияларының мониторингін (валюталық мониторинг)" деген сөздермен ауыстырылсын;

у-10) тармақша "санкциялар" деген сөзден кейін "қолданудың тәртібін айқындайды және" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы у-13) тармақшамен толықтырылсын:

"у-13) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен келісім бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің инвестициялық операцияларын жүзеге асыру тәртібін айқындайды ; "

мынадай мазмұндағы у-14), у-15) және у-16) тармақшалармен толықтырылсын:

"у-14) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің активтерін айырбастау және қайта айырбастау тәртібін айқындайды;

у-15) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сыртқы басқару активтерін таңдау тәртібін айқындайды;

у-16) сұраныс пен ұсыныс көздерінің мониторингін, сондай-ақ ішкі валюта рыногындағы шетелдік валютаны пайдалану бағыттарын жүзеге асырады;"

2) 9-баптың екінші бөлігіндегі "Басқармасы" деген сөз "нормативтік құқықтық актілері" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 15 - бапта :

а) "әзірлеу" деген сөз "мақұлдау" деген сөзбен ауыстырылсын;

и-1) тармақша алып тасталсын;

м) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"м) Қазақстан Ұлттық Банкінің бюджетін (шығыстар сметасын) және оны пайдалану, жарғылық және резервтік капиталын қалыптастыру, Қазақстан Ұлттық Банкінің негізгі қаражатына және өзге де мүлкіне билік ету тәртібі туралы нормативтік құқықтық актілерін бекіту;"

м-1) тармақша алып тасталсын;

с-1) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы п-1) тармақшамен толықтырылсын:

"п-1) Қазақстан Ұлттық банкінің консультативтік-кеңесші органдарын құру шешімдерін қабылдау;"

15-бап мынадай мазмұндағы у-1), у-2) және у-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"у-1) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін айырбастау және қайта айырбастау ережесін бекітеді;

у-2) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының сыртқы басқару активтерін таңдау тәртібін айқындайтын ережені бекітеді;

у-3) реттелуі Қазақстан Ұлттық Банкінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға ықпал ету шараларын және санкциялар қолдану тәртібін айқындайтын ережені бекітеді;"

ч) тармақша алып тасталсын;

4) 16-баптың екінші бөлігінде:

"бес лауазымды адамы" деген сөздер "төрт лауазымды адамы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"екі өкіл" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ уәкілетті органның басшысы" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 52-1-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) өтеу мерзімі бір жылдан аспайтын вексельдердің, бірінші сыныпты

эмитенттердің коммерциялық вексельдерін қайта есепке алады;"

б ) 5 6 - б а п т а :

б) тармақшадағы "құндылықтармен" деген сөз алып тасталсын;

о) тармақша алып тасталсын;

7) 57-баптың бірінші бөлігінің жетінші абзацы алып тасталсын;

8) 59-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Ұлттық Банкі алтын-валюта активтерінің өтімділігін және сақталуын, сондай-ақ тәуекел деңгейінің қалыптылығы жағдайында ұзақ мерзімді перспективада табыстылығын қамтамасыз ете отырып, олармен операциялар жасайды.";

9) 62-баптың екінші бөлігі мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын :

"2-1) банк операцияларын жүргізу тәртібін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда уәкілетті органға қорытындылар беру шарттары мен тәртібін айқындауға;"

10) мынадай мазмұндағы 62-2, 62-3-баптармен толықтырылсын:

"62-2-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің бақылау функцияларын жүзуге асыру

Реттелуі Қазақстан Ұлттық Банкінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша осы Заңға және Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актілеріне сәйкес:

1) Қазақстан Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде көзделген жағдайларда банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар үй-жайларының техникалық жарактануын алдын ала байқау және жабдықтау;

2) біліктілік талаптарына сәйкестігін белгілеу;

3) жергілікті жерге барып немесе:

қаржы ұйымдарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында валюталық операцияларды және валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты қызметті жүзеге асыратын адамдарды олардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауы тұрғысынан;

Қазақстан Ұлттық Банкінің лицензиясы негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарды тұтас немесе жекелеген мәселелер бойынша олардың қызметін, сондай-ақ олардың Ұлттық Банкіге ұсынатын есептері мен мәліметтерінің дұрыстығын зерделеу үшін құжаттамалы нысанда тексерулер жүргізу арқылы бақылау функцияларын жүзеге асырады.

62-3-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің тексерулер ұйымдастыру мен жүргізу тәртібінің ерекшеліктері

1. Қазақстан Ұлттық Банкі қаржы ұйымдарының (олардың филиалдарының), сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында валюталық операцияларды және валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты қызметті жүзеге асыратын адамдардың қызметін тексеруді Заңның осы бабында көзделген ерекшеліктерді ескере

отырып, кәсіпкерлік пен лицензиялау мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасы заңнамалық актілеріне сәйкес дербес не басқа мемлекеттік органдардың және/немесе ұйымдардың мамандарын тарта отырып жүргізеді.

2. Қазақстан Ұлттық Банкі жүргізетін тексеру мынадай түрлерге бөлінеді:

1) жоспарлы - қаржы ұйымдарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында валюталық операцияларды және валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты қызметті жүзеге асыратын адамдарды жылына бір рет тексеру;

2) жоспардан тыс - азаматтардың жазбаша өтініштері мен арыздары, бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар бойынша, Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттік органдарынан сұрау салу түскен кезде, Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының бұзылғаны туралы дәлелді ақпараттар мен материалдар түскен кезде, Қазақстан Республикасының ұлттық және экономикалық қауіпсіздігіне, оның қаржы жүйесінің тұрақтылығына төнген қауіп-қатер болған кезде белгіленетін, сондай-ақ бұрын анықталған Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуларды жойғанын бақылау мақсатындағы тексеру.

3. Тексеру жоспарлары тоқсан сайын құрылады және оны Қазақстан Ұлттық Банкінің төрағасы немесе оның орынбасары бекітеді.

4. Қазақстан Ұлттық Банкі тексерілетін тұлға тексерудің басында тексеруші топқа ұсынуы міндетті құжаттардың (мәліметтердің) тізбесін көрсете отырып, алдағы тексеру туралы тексерілетін тұлғаны жазбаша хабардар етуге құқылы.

Қазақстан Ұлттық Банкі төрағасының орынбасары не Қазақстан Ұлттық Банкінің аумақтық филиалының басшысы бекіткен тексеру белгілеу туралы актіні тексерілетін тұлғаға тапсыру сәті тексеру жүргізудің басталуы болып есептеледі.

5. Тексеру Қазақстан Ұлттық Банкінің тексеру белгілеу туралы актісінің негізінде жүргізіледі.

Тексеру белгілеу туралы актіде мыналар көрсетіледі:

- 1) актінің нөмірі және күні;
- 2) тексеру белгілеген органның атауы;
- 3) тексеру жүргізуге уәкілетті тұлғаның (тұлғалардың) аты-жөні және лауазымы;
- 4) тексеру жүргізу белгіленген тұлғаның атауы, оның орналасқан жері, салық төлеушінің тіркеу нөмірі, сондай-ақ тексерулерді құқықтық статистика жөніндегі органдарда тіркеуге үшін талап етілетін басқа да мәліметтер;
- 5) тексеру түрі (жоспарлы, жоспардан тыс);
- 6) тексерілуге тиісті мәселелер;
- 7) тексеру жүргізу мерзімі;
- 8) тексеру жүргізудің құқықтық негіздері, оның ішінде нормативтік құқықтық актілер, тексеруге тиісті міндетті талаптар;
- 9) азаматтардың өтініштері мен арыздары бойынша және бұрын анықталған Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуларды жойғанын бақылау мақсатындағы

тексерулерді қоспағанда, тексеру кезеңі;

10) лауазымын, аты-жөнін көрсете отырып, актіге қол қоюға уәкілетті тұлғаның қолы және мөрі.

6. Тексеру белгілеу туралы акті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құқықтық статистика жөніндегі органда міндетті түрде тіркеледі.

7. Объектіге тексеру үшін келген Қазақстан Ұлттық Банкінің лауазымды тұлғалары құқықтық статистика жөніндегі органда тіркеу туралы белгісі бар тексеру белгілеу туралы актіні және қызметтік куәлігін көрсетуге міндетті.

8. Тексеру белгілеу туралы акті қабылдаудан бас тартылған немесе тексеруді жүзеге асыратын Қазақстан Ұлттық Банкінің лауазымды тұлғаларына тексеру жүргізуге қажетті материалдарды пайдалануына кедергі келтірілген жағдайда тиісті акті жасалады. Актіге Қазақстан Ұлттық Банкінің лауазымды тұлғасы және тексерілетін тұлғаның уәкілетті қызметкері қол қояды.

9. Тексеру тексеру белгілеу туралы актіде көрсетілген лауазымды тұлғаға (тұлғаларға) ғана жүргізілуі мүмкін.

10. Тексерілетін тұлға Қазақстан Ұлттық Банкінің тексеру белгілеу туралы актісін алғаннан кейін келесі күннен кешіктірмей тексеруші топ басшысының атына мынадай ақпаратты көрсете отырып, хат ұсынады:

1) тексеру жүргізуді қамтамасыз етуге жауапты басшы туралы және оны алмастыратын тұлға туралы;

2) қажетті материалдар (мәліметтер дайындауға), оларды тексеруші топқа (тұлғаға) уақтылы беруге жауапты тексерілетін тұлғаның мамандары туралы.

11. Тексеру жүргізу кезеңінде тексерілетін тұлға тексеруші топқа (тұлғаға):

1) бір рет талап ету бойынша тексеруге қатысты кез келген қажетті ақпаратты қағаз және электронды жеткізгіштерде не олардың көшірмелерін тексеру нәтижелері туралы актіге қосу үшін алуды, сондай-ақ тексеру жүргізу үшін қажетті кез келген ақпарат көздеріне қол жеткізуді;

2) тексерудің мәніне сәйкес автоматтандырылған деректер қорына (ақпараттық жүйелерге) қол жеткізуді;

3) қажет болған кезде кез келген лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің жүргізілетін тексеріске, олардың қызметтік міндеттеріне және/немесе тексерілетін тұлғаның қызметін қатысты мәселелер бойынша түсіндірулер беруін (ауызша немесе жазбаша);

4) тексерілетін тұлғаның ғимаратында оған еркін қол жеткізу мүмкіндігін беріп, жеке үй-жайды қамтамасыз етуге міндетті.

12. Тексерілетін тұлғаның Заңның осы бабының 11-тармағының талаптарының бірін бұзуы тексерілетін тұлғаға не оның басшысына Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген ықпал ету шаралары мен санкциялар қолдануға негіз

13. Тексеру жүргізудің мерзімі отыз күнтізбелік күннен аспауы тиіс, жекелеген мәселелерді қосымша зерделеу қажеттігі кезінде не тексерудің айтарлықтай көлеміне байланысты ерекше жағдайларда Қазақстан Ұлттық Банкі төрағасының орынбасары не Қазақстан Ұлттық Банкі аумақтық филиалының басшысы тексеру өткізу мерзімін отыз күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге ұзартуы мүмкін.

Тексеру мерзімі ұзартылған жағдайда тексеру белгілеу туралы өткен актіні тіркеу нөмірі мен күні және ұзарту себебі көрсетілген құқықтық статистика органында тіркелген тексеруді ұзарту туралы қосымша акті ресімделеді.

14. Тексеру нәтижелері бойынша тексеруші топ (тұлға) тексеру нәтижелері туралы а к т і ж а с а й д ы .

Тексеру нәтижелері туралы актіде:

- 1) актінің жасалған күні мен орны;
- 2) тексеру жүргізген органның атауы;
- 3) тексеру жүргізуге негіз болған тексеру белгілеу туралы актінің күні мен нөмірі;
- 4) тексеру жүргізген тұлғаның (тұлғалардың) аты-жөні және лауазымы;
- 5) тексерілетін тұлғаның атауы, оның орналасқан жері, салық төлеушінің тіркеу нөмірі, тексеру жүргізген кезде тексерілетін тұлғаның өкілі қатысқан жағдайда оның а т ы - ж ө н і , л а у а з ы м ы ;
- 6) тексеру жүргізілген орны және кезеңі;
- 7) тексеру нәтижелері туралы, оның ішінде анықталған бұзушылықтар туралы, олардың сипаты туралы мәліметтер;
- 8) тексерілетін тұлға өкілінің, сондай-ақ тексеруді жүргізу кезінде қатысқан басқа да тұлғалардың актімен танысуы туралы немесе танысудан бас тартуы туралы мәліметтер, олардың қолы немесе қол қоюдан бас тартуы туралы;
- 9) тексеруді жүргізген лауазымды тұлғаның (тұлғалардың) қолы көрсетіледі.

Тексеру нәтижелері туралы актіге тексеру нәтижелеріне байланысты қажетті құжаттар (мәліметтер) немесе олардың көшірмелері қоса беріледі.

Тексеру жүргізу мерзімі аяқталуынан кешіктірмей тексеруші топ (тұлға) тексерілетін тұлғада түпнұсқа ретінде болатын құжаттардың көшірмелерін қоспағанда, тексерілетін тұлға басшысының атына танысу және қол қою үшін қосымшаларының көшірмелерімен қоса тексерудің нәтижелері туралы актінің екі данасы жіберіледі.

Тексерілетін тұлғаның басшысы (оның орынбасары) не тексеру жүргізуді қамтамасыз етуге жауапты басшы тексеру нәтижелері туралы бірінші данасын қабылдайды, екінші данасының әрбір парағына қол қояды, оның соңғы парағына лауазымын, атын-жөнін көрсете отырып, алған күні туралы белгі қояды және тексеру нәтижелері туралы актіні алған күннен бастап келесі күннен кешіктірмей тексеру нәтижелері бойынша ескертулер және немесе қарсылықтар болса оны көрсете отырып, Қазақстан Ұлттық Банкінің тексеруші тобына (тұлғасына) екінші дананы ұсынады.

15. Тексерілетін тұлғаның басшысына (оның орынбасарына) тексеру белгілеу туралы актіде көрсетілген тексеруді аяқтау мерзімінен кешіктірілмей тексеру нәтижелері туралы актінің жіберілген күні тексеру мерзімінің аяқталуы деп есептеледі.

16. Қазақстан Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген ықпал ету шаралары мен санкциялар қолданған жағдайда тексерілетін тұлға Қазақстан Ұлттық Банкі белгілеген мерзімде анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде қабылданған шаралар туралы жазбаша есепті (ақпаратты) беруге міндетті.

17. Тексеру жүргізген кезде Қазақстан Ұлттық Банкінің лауазымды тұлғалары тексерілетін тұлғаның құжаттарының сақталуын қамтамасыз етуге және алынған ақпараттардың құпиялылығын сақтауға, тексерілетін тұлғаның және оның клиенттерінің құқықтары мен заңды мүдделерін кемсітуге тікелей не жанама әкеп соғатын іс-әрекеттерден бас тартуы тиіс."

5. "Банкроттық туралы" 1997 жылғы 21 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 1-2, 7-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 14, 198-құжат; N 17-18, 225-құжат; 2000 ж., N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 17-18, 240-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 4, 26-құжат; N 11, 67-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 14, 57-құжат, 2006 ж., N 1, 4-құжат; N 2, 20-құжат; N 4, 24-құжат):

1) 10-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Кредиторлар талаптарының тізіліміне кредиторлардың мемлекет кепілдемесімен қамтамасыз етілген инфрақұрылымдық облигациялар жөніндегі талаптары қосылмайды .  
"

2) 68-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Егер конкурстық массаның құрамында концессия объектісінің құрамына енетін мүлік бар болса онда аталған мүлік мемлекетке берілуі тиіс және конкурстық массаның құрамынан шығарылды . "

3) 74-баптың 4-тармағының 3) тармақшасы "қаражаты" деген сөзден кейін ";" белгісі қойылып мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) концессия объектісінің құрамына кіретін мүлік."

6. "Сот сараптамасы туралы" 1997 жылғы 12 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 21, 276-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 21-22, 281-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 10, 32-құжат):

22-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"22-бап. Сот-сараптама қызметін қаржыландыру

Сот сараптамасы органдарында қылмыстық, азаматтық істер және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша сот сараптамаларын жүргізуді қаржыландыру Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңдарында және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдарында көзделген



жағдайларды қоспағанда, бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Сот сараптамасы органдарында азаматтық істер бойынша сот сараптамаларын жүргізуге ақы төлеуді Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңдарында көзделген, соттың дәлелденген айқындамасымен расталған негіздемелер болған жағдайларды қоспағанда, тараптар жүзеге асырады, алдын ала төлеу нысанында тиісті бюджетке енгізіледі.

Мамандандырылған сараптамаларды жүргізу, сондай-ақ білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін бағдарламаларға кірмейтін ғылыми және ғылыми-әдістемелік зерттеулер жүргізу үшін ақы төлеу алдын ала төлеу нысанында тиісті бюджетке енгізіледі." .

7. "Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы" 1998 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 24, 435-құжат; 2001 ж., N 21-22, 286-құжат; 2003 ж., N 10, 53-құжат; 2005 ж., N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 2, 20-құжат):

17-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бюджет қаражаты есебінен қамтылған мемлекеттік және ведомстволық мұрағаттар өздерінің негізгі қызметіне жатпайтын, төленетін ақысының міндетті сипаты болмайтын әрі жеке және заңды тұлғалармен келісім бойынша айқындалатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуге құқылы."

8. "Дене шынықтыру және спорт туралы" 1999 жылғы 2 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 24, 1065-құжат; 2003 ж., N 15, 129-құжат; 2005 ж., N 23, 142-құжат):

мынадай мазмұндағы 15-1-баппен толықтырылсын:

"15-1-бап. Дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік мекемелер

Дене шынықтыру және спорт саласында қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер өздерінің негізгі қызметіне жатпайтын, төленетін ақысының міндетті сипаты болмайтын әрі жеке және заңды тұлғалармен келісім бойынша айқындалатын қызметтер көрсетуге құқылы."

9. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 3, 17-құжат; N 9, 86-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 10, 103-құжат; 2004 ж., N 10, 56-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 142-құжат; N 24, 144-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат):

1) 27-баптың 1-тармағында:

1) тармақшадағы ", облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық) бюджетті, сондай-ақ тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс бюджетінің атқарылуы туралы есепті әзірлейді және мәслихаттың бекітуіне ұсынып, олардың орындалуын қамтамасыз етеді" деген сөздер "әзірлейді және мәслихаттың бекітуіне ұсынады" деген сөздермен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 1-1), 1-2), 1-3), 1-4), 1-5) 1-6), 1-7) және 1-8) тармақшалармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"1-1) облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның ж ұ м ы с ы н ү й л е с т і р е д і ;

1-2) облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің тиісті қаржы жылына арналған жобасын тиісті мәслихатқа ұсынады;

1-3) тиісті мәслихатқа облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қалалар мен астана бюджеттерінің атқарылуы туралы жылдық есепті ұсынады;

1-4) облыстық өкілді органның және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың өкілді органының тиісті қаржы жылына арналған тиісті бюджеттер туралы шешімдерін іске асыру туралы қаулы қабылдайды;

1-5) облыстық атқарушы органның және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың атқарушы органының орта мерзімді фискалдық саясатын бекітеді;

1-6) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың экономикалық, бюджеттік жоспарлау, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдар құрады;

1-7) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджет комиссиясын ұйымдастырады, оның ережесін бекітеді, құрамын айқындайды;

1-8) облыстық қаржы жоспары мен республикалық маңызы бар қаланың, астананың Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көзделген жағдайларда тиісті қаржы жылдың бірінші тоқсанына арналған қаржы жоспарын бекітеді;"

2) 31 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

1) тармақшадағы ", ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін, соның ішінде қаладағы аудан (аудандық маңызы бар қала), кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімдері іске асыратын (әрбір қаладағы аудан (аудандық маңызы бар қала), кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ бойынша жеке-жеке) бюджеттік бағдарламаларды әзірлеп, олардың атқарылуын қамтамасыз етеді, тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс бюджетінің атқарылуы туралы есепті" деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 1-1), 1-2), 1-3), 1-4), 1-5) 1-6) және 1-7) тармақшалармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"1-1) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің атқарылуын қамтамасыз етеді және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның жұмысын үйлестіреді;

1-2) аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есепті тиісті мәслихатқа ұсынады;

1-3) аудан (облыстық маңызы бар қала) өкілді органының тиісті қаржы жылына арналған тиісті бюджеттер туралы шешімдерін іске асыру туралы қаулы қабылдайды;

1-4) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) атқарушы органының орта мерзімді фискалды саясатын бекітеді;

1-5) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық, бюджетті жоспарлау, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдар құрады;

1-6) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет комиссиясын ұйымдастырады, оның ережесін бекітеді, құрамын айқындайды;

1-7) ауданның, облыстық маңызы бар қаланың Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көзделген жағдайларда, тиісті қаржы жылдың бірінші тоқсанына арналған облыстық қаржы жоспарын бекітеді."

10. "Әділет органдары туралы" 2002 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 6, 67-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; N 24, 154-құжат; **200 ж.**, N 7-8, 23-құжат; 2006 ж., N 2, 20-құжат):

1) 23-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Қылмыстық-атқару жүйесінің мемлекеттік мекемелері негізгі қызметке жатпайтын жұмыстар мен қызметтерді өткізеді.

Қылмыстық-атқару жүйесі мемлекеттің мекемелерінің негізгі қызметіне жатпайтын жұмыстар мен қызметтердің тізбесіне күдіктілердің, айыпталушылардың, сотталғандардың, соларда ұсталатындардың заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті ұйымдастыру кезінде қосымша, азық түлік, алғашқы қажет заттар, киім-кешек, аяқ киім, газет, журналдар, әдебиеттер, дәрі-дәрмектер және қосымша емдеу-алдын алу көмек көрсету арналған медициналық мақсаттағы өзге де құралдар, сатып алуға, ұзақ кездесулер беруге және қосымша емдеу-алдын алу және нормативтік құқықтық актілерде айқындалатын өзге қызметтер, сондай-ақ күдіктілер мен айыпталушыларға қосымша ақылы тұрмыстық қызметтер жасауға ұсынылатын жұмыстар мен қызметтер жатады."

2) 33-баптың 1) тармақшасы алып тасталсын.

11. "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" 2002 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 21, 176-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат, 2006 ж., N 2, 20-құжат):

5-тармақтың 2) тармақшасы алып тасталсын.

12. "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2003 жылғы 4 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 11, 70-құжат; 2005 ж., N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 2, 20-құжат):

16-баптың 1-тармағының төртінші абзацы "ақылы негізде" деген сөздердің алдынан "мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелерін қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын.

2 - б а п . О с ы З а ң :

1) ресми жарияланған күнінен бастап он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізілетін 1-баптың 2-тармағының 3) тармақшасын;

2) 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 3-тармағының 2) тармақшасының алтыншы, он екінші абзацтарын, 51) тармақшасының екінші, он үшінші абзацтарын, 52) тармақшасының үшінші, он үшінші абзацтарын, 53) тармақшасының алтыншы абзацын, 57) тармақшасының үшінші абзацын, 58), 59) тармақшаларын, 60) тармақшасының екінші, төртінші, алтыншы, тоғызыншы абзацтарын, 62) тармақшасын, 66) тармақшасының алтыншы абзацын, 67), 68), 70), 71), 72) тармақшаларын, 73) тармақшасының жетінші абзацын, 75), 80) тармақшаларын, 81) тармақшасының екінші, төртінші, жетінші, сегізінші абзацтарын, 99) тармақшасының екінші абзацын, 100) және 101) тармақшаларын, 102) тармақшасының екінші, алтыншы абзацтарын, 103) тармақшасының төртінші, алтыншы, сегізінші, он үшінші абзацтарын, 108) тармақшасының бесінші абзацын, 109), 110), 111), 112), 113), 114) тармақшаларын ; 115) тармақшасының екінші абзацын, 116), 117), 118), 127), 128), 129) тармақшаларын ;

3) 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 3-тармағының 7) тармақшасының он бірінші абзацын, 8) тармақшасын, 9) тармақшасының төртінші, бесінші абзацтарын, 36) тармақшасының бесінші, жетінші абзацтарын, 37) тармақшасының екінші, төртінші абзацтарын, 38) тармақшасының екінші, төртінші абзацтарын, 39) тармақшасының екінші, төртінші абзацтарын, 41) тармақшасының тоғызыншы абзацын, 42) тармақшасының төртінші абзацын, 52) тармақшасының он тоғызыншы, жиырма бірінші абзацтарын, 57) тармақшасының бесінші және алтыншы абзацтарын, 59) тармақшасының бесінші абзацын, 74), 82), 83), 84), 89) тармақшаларын , 90) тармақшасының алтыншы, тоғызыншы абзацтарын қоспағанда, 2006 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*